

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

ӘОЖ 677.021.174

Қолжазба құқығында

Мурзабаева Гулжан Кобланбековна

**Өндірілетін иірімжіптің сапасын арттыру үшін тарау машинасында
талшықтарды кардты тараудың технологиялық процесін есептеу және
оңтайландыру**

8D07206- «Тоқыма материалдарының технологиясы және жобалануы»
білім беру бағдарламасы бойынша

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:
PhD, қауымдастырылған профессор (доцент)
Ешжанов А.А.
Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD, Эрдем Р.
(Акдениз университеті)

Шымкент, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	5
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	6
КІРІСПЕ	7
1 ТОҚЫМА ӨНДІРІСІНІҢ ЗАМАНАУИ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ	12
1.1 Тоқыма материалдары мен бұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолдарын талдау	14
1.2 Мақта талшығының қасиеттері және олардан жасалған тоқыма бұйымдарына қойылатын талаптар	17
1.3 Кардты тарау машинасының өндірістік өнімділігін арттыру мүмкіндіктерін талдау	22
1.4 Талшықты бұйымдарды тараудың техникасы мен технологиясының дамуын талдау және тиімділігін арттыру жолдары	29
Бірінші бөлім бойынша қорытындылар	34
2 ҚАЛПАҚШАЛЫ ТАРАУ МАШИНАСЫ ПАРАМЕТРЛЕРІНІҢ АЛЫНАТЫН ТАСПА МЕН ИІРІМЖІПТІҢ САПАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ӘСЕРІ	36
2.1 Қалпақшалы тарау машинасының жылдамдығы мен тиімділігін бағалау	36
2.2 Тарау машинасының жұмыс органдарының талшық қасиеттеріне әсерін зерттеу	37
2.2.1 Бас барабанның айналу жылдамдығы	39
2.2.2 Тарау машинасының қалпақтарының қозғалыс жылдамдығы	41
2.2.2.1 Тарау машинасының қалпақшаларында ұсталатын талшықтардың таралмаған бөлігінің ұзындықтары	44
2.2.3 Тарау машинасы қабылдау барабанының айналу жылдамдығы	48
2.3 Қалпақша қозғалысы жылдамдығының таспа мен жіптің қасиеттеріне әсері	50
2.4 Тарау машинасының қабылдау барабаны жылдамдығының таспа мен иірімжіп қасиеттеріне әсері	58
2.5 Тарау машинасының өнімділігін жоғарлатудың тарау таспасының сапа көрсеткіштеріне әсері	68
2.6 Тарау машинасының негізгі барабаны гарнитуралары мен қалпақшалары арасында талшықтардың болуының орташа уақытының тарау дәрежесіне әсері	73
2.7 Таралған өнімді шығару жылдамдығының иірімжіптің сапалық көрсеткіштеріне әсері	78
Екінші бөлім бойынша қорытындылар	85
3 КАРДТЫ ТАРАУ МАШИНАСЫНЫҢ ОҢТАЙЛЫ ЖЫЛДАМДЫҚ РЕЖИМДЕРІН АНЫҚТАУ	87

3.1	Таспа сапасының қардтытарау машинасының жылдамдық режимдеріне тәуелділігін анықтау	87
3.2	Тарау машинасының оңтайлы жылдамдық режимдерін теориялық негіздеу	95
3.2.1	Жылдамдық режимдерін оңтайландырудың математикалық моделі	95
3.2.2	Оңтайландыру шешімдері мен қорытындылары	100
	Үшінші бөлім бойынша қорытындылар	103
	ҚОРЫТЫНДЫ	104
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ	106
	ҚОСЫМШАЛАР	118

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

ISO 1139:1973 - Textiles. Designation of yarns.

ISO 16549:2004(en), - Textiles — Unevenness

СТ РК ISO 2060-2008 - Тоқыма. Тікиіршіктегі иірімжіп. Келеп әдісімен сызықтық тығыздықты (ұзындық бірлігінің массасы) анықтау

СТ РК ISO 2062-2010 - Тоқыма. Ораудағы иірімжіптер. Дара иірімжіпті ұзу кезіндегі ұзу күшін және салыстырмалы ұзаруды анықтау

СТ РК ISO 2959-2011 - Тоқыма. Ерекшеліктерін сипаттау

СТ РК ISO 6741-1-2010 - Тоқыма. талшық және иірімжіп. Топтамалардың сауда салмағын анықтау. 1-бөлім. Салмақты анықтау және есептеу

СТ РК ISO 6741-2-2010 - Тоқыма. Талшық және иірімжіп. Топтамалардың сауда салмағын анықтау. 2-бөлім. Зертханалық үлгілерді алу әдістері

СТ РК ISO 1139-2011 - Тоқыма. Иірме жіпті белгілеу

ГОСТ 10208-74 - Пряжа хлопчатобумажная и смешанная. Метод определения пороков

ГОСТ 15818-70 - Пряжа хлопчатобумажная и смешанная. Метод определения класса по внешнему виду

ГОСТ 14362-69 - Пряжа хлопчатобумажная суровая одиночная кардная ровничная. Технические условия

ГОСТ 4.8-2003 - Система показателей качества продукции. Пряжа хлопчатобумажная и смешанная. Номенклатура показателей

СТ РК 1018-2004 - Тоқыма өндірісіне арналған кардты және жеке тарақталған мақта-мата және аралас кендір жіп. Техникалық шарттар

СТ РК 1095-2002 - Мақта талшығы. Техникалық шарттар

СТ РК ГОСТ Р 53236-2011 - Мақта талшығы. Сынаманы іріктеу әдісі

СТ РК 3327-2018 - Мақта талшығы. Меншікті үзілу жүктемесін анықтау әдістері

СТ РК 3328-2018 - Мақта талшығы. Сызықтық тығыздығын және микронейр көрсеткішін анықтау әдістері

СТ РК 3330-2018 - Мақта талшығы. Кемістіктер мен қоқыр қоспаларының салмақтық үлесін анықтау әдістері

СТ РК 3329-2018 - Мақта талшығы. Түсін және сыртқы түрін анықтау әдістері

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

High Volume Instrument (HVI) – Мақта талшығының қасиеттерін жоғары дәлдікпен өлшеуге арналған сынақ жабдығы, соның ішінде: талшық ұзындығы, біртегіссіздік дәрежесі, микронейр/сызықтық тығыздығы, түктілігі, түсі және т.б.

Advanced Fiber Information System (AFIS) - Бұл мақта талшығының қасиеттерін, оның ішінде талшықтың ұзындығын, орташа ұзындығын, максималды орташа ұзындығын, қысқа талшықтарды, түйіндерді, талшық қабығын, біртегіссіздік деңгейін, микронейр/сызықтық тығыздығын, пісу деңгейін, шанды, қоспалардың деңгейі және т.б.

Micronair (Mic) - Микрограмммен көрсетілген бір дюймдік талшықтың орташа салмағы (0,000001 грамм). Талшықтың жетілу дәрежесін және талшықтың сызықтық тығыздығын сипаттайтын көрсеткіш.

Short Fiber Content (SFC) - 0,5 дюймдік (12,7 мм) талшық құрамындағы қысқа талшықтың мөлшері.

Maturity Ratio(Mat) - ASTM D-13 бойынша қабырғаның қалыңдау дәрежесін анықтайтын талшықтың жетілу параметрі болып табылады.

Immature Fiber Content (IFC)-жетілмеген талшықтардың, үзілгіш талшықтардың көрсеткіші.

Uniformity Ratio (UR) - талшықтың ұзындығы бойынша біртегіссіздік көрсеткіші, ұзындығы бойынша біртегіссіздігі.

Neps count (Nep) – мақтадағы түйіндер; шиеленістер, жетілмеген немесе өлі талшықтардың шағылыстыруы.

Seed Coat Nep (SCN) - тұқым фракцияларының немесе талшықты тұқым бүршіктерінің талшықтылығы, дана/грамм.

Dust Count - талшықтардағы шаң мөлшері 500 микроннан (0,25 мм) аз, дана/грамм

Trash Count - Талшық құрамындағы бөтен денелердің индексі 500 микроннан жоғары, дана/грамм

Yellowness (+b) - мақта талшығының сарғыштық индексі.

Reflectance (Rd) - талшықтың жарықтың шағылысу дәрежесі, ақшылдық дәрежесі

Upper Half Mean Length (UHML) – талшық шоғырындағы ең жоғары орташа ұзындық, мм

Imperfection Index (IPI) – иірім жіптің жалпы ақаулары: жұқа жерлер, қалың жерлер және түйіндердің жалпы қосындысы.

Thin place (-50%) - иірім жіптің номиналды диаметрден 50%-ға аз аймақтары.

Thick place (+50%) - иірім жіптің номиналды диаметрден 50%-ға үлкен аймақтары.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

$L(w)$ – үлгідегі барлық талшықтардың орташа салмағы

5% $L(n)$ – Үлгідегі барлық талшықтардың ұзындығының 5%, ең ұзын талшықтар, штапель ұзындығы, мм

LOT – белгілі бір сапалық көрсеткіштерден тұратын топтық кешен: партия, мөлшерлеме, топ, қоспа.

Neps (+200%) – иірім жіптің диаметрінен 200% үлкен түйіндер индексі.

Unevenness (U) – иірім жіптің ұзындығы бойынша біртегіссіздік көрсеткіші.

Hairiness (H) – иірім жіптің түктілік көрсеткіші

Rkm – бір жіптің салыстырмалы ұзу күші, sN/tex

Elongation, Elg – иірім жіптің үзілу кезіндегі ұзаруы.

Neps Removal Efficiency (NRE%) – түйінді, шиеленіскен талшықтарды бөлу тиімділігі.

ҚР – Қазақстан Республикасы

ЖШС – Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс сапалы, сұранысқа ие иірімжіп алу мақсатында иіру өндірісіндегі тарау машинасында талшықтарды кардты тарау процесін есептеу және оңтайландыруға арналған.

Диссертация тақырыбының өзектілігі. Әлемдік экономиканың жетекші және перспективалы салаларының бірі тоқыма және жеңіл өнеркәсіп болып табылады. 2024 жылы әлемдік масштабта 27 млн. тонна мақта өндірілді [1]. Батыс Еуропа елдері, АҚШ, Қытай, Үндістан, Корея, Түркия, Жапония, Пәкістан, Араб елдері және Индонезия тоқыма бұйымдарының негізгі экспорттаушылары болып табылады. Әлемдегі тоқыма өнімдерінің 80 пайызы осы елдерге тиесілі. Атап айтқанда, халықтың өсіп келе жатқан сұраныстары мен қажеттіліктеріне сәйкес өнімнің ассортиментін технологиялық жаңартуға, өзгертуге және кеңейтуге мүдделі АҚШ, Жапония, Германия, Италия, Қытай сияқты елдерде тоқыма шикізаты саналатын жоғары сапалы және физика-механикалық қасиеттері бар жіптерді өндіруге ерекше көңіл бөлінуде [2]

Әлемдік тоқыма (иірімжіп және мата) нарығында бәсекелестік жоғары болған жағдайда инновациялық, жоғары автоматтандырылған өндіріс технологиялары мен жабдықтарына деген қажеттілік туындайды. Бұл өндіріс процесінің, соның ішінде сапа сипаттамаларының, көлемдерінің және өнім түрлерінің өзгеруінің тез бейімделуін қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Негізгі мақсат - иірімжіп дайындаудың жаңа әдістері мен технологияларын енгізу, сондай-ақ дайын тоқыма өнімдерінің тұтынушылық қасиеттерін жақсартуға бағытталған нормативтік және технологиялық параметрлерді әзірлеу арқылы жоғары сапалы және бәсекеге қабілетті тоқыма өнімдерін өндіру.

Қазақстан Республикасында мақта талшығынан бәсекеге қабілетті өнім алуға мүмкіндік беретін тиімді жабдықтар, ресурс үнемдеуші инновациялық технологиялар мен жаңа әдістемелерді жасау арқылы тоқыма өнеркәсібін дамытуға арналған кең көлемді, ұзақ мерзімді іс-шаралар жүргізіліп жатыр. Қазіргі таңда елімізде инновациялық технологияларды қолдана отырып жоғары сапалы иірімжіп – мата – дайын бұйым өндіруді қамамасыз ететін шаралар енгізіліп жатыр. 2023–2029 жылдарға арналған Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы цифралық жүйелерді енгізу, қызмет көрсету мен тауарларды өндіруде озық технологияларды қолдануды, кең көлемде инвестицияларды тартуды қарастырады [3].

Осы міндетті жүзеге асыруда тоқыма және тігін-тоқыма өндірісі кәсіпорындарында жартылай фабрикаттар мен дайын өнімдердің кең ассортиментін, оның ішінде жоғары сапалы иірімжіпті өндіруді жолға қою, атап айтқанда, иірімжіп ақауларының себептерін анықтау және оларды азайту, иірімжіп өндірісінің өнімділігін арттыру, талшықтан иірімжіп

шығымдылығын арттыру, жіптің әлемдік нарық сұранысына және бәсекеге қабілеттілігіне сәйкес сапа көрсеткіштерін арттыру маңызды.

Сонымен қатар, иірімжіптің құрылымы мен қасиеттеріне әсер ететін факторларды анықтау және иіру тиімділігін арттырудың балама параметрлерін анықтау осы диссертация тақырыбының өзектілігін түсіндіреді.

Мәселені зерттеу дәрежесі. Иіру өндірісін технологиялық жаңғырту аясында дайын тоқыма өнімдерінің сапасын анықтайтын негізгі факторларды анықтау, сондай-ақ жабдықтың жұмыс параметрлерін оңтайландыру, иіру процесінің әртүрлі кезеңдеріндегі талшық қасиетінің өзгерістерін талдау және жіптің тұтынушылық сипаттамаларын жақсарту мәселелері бірқатар жетекші шет елдік зерттеушілердің еңбектерінде терең зерттеу тақырыбы болып табылады. Атап айтқанда, иірудің теориялық және қолданбалы негіздерін дамытуға С.А. Лаврентев, Ф. Лейфельд, А.Г. Севостьянов, И.Г. Борзунов, Н.М. Ашнин, К.И. Бадалов, Н.С. Каплан, Р.С. Кумар, Дж.Ф. Богдан, П. Арцт, В.В. Крылов, В.Ф. Ван Альфен, А. Кумар, С.М. Иштяк, К.Р. Салхотра, М.А. Хаджинова, К.Ж. Жуманиязова, К.Г. Гофуров, С.Л. Матисмаилов, У.Х. Мелибоев және т.б. ғалымдар айтарлықтай үлес қосты.

Иіру процестерін теориялық тұрғыдан түсінудегі жетістіктерге, технологиялық жабдықтардың өндірістік паркінің айтарлықтай жақсаруына және саланың техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің оң өсу динамикасына қарамастан, жіп өндірісі секторында бүгінгі күнге дейін тиімді ғылыми және практикалық шешімі табылмаған бірқатар маңызды мәселелер сақталуда.

Зерттеу мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық жұмыстың мақсаты иіру процесінің технологиялық кезеңдерінде талшық қасиеттерінің өзгеруінің иірімжіп қасиеттеріне әсерін зерттеу арқылы алынатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттер қойылады:

- алынатын иірімжіптің физикалық және механикалық қасиеттеріне және оларды жақсартуға тарау процесінің әсерін бағалау;
- тарау машинасы қалпақшаларының қозғалысы жылдамдығының таспа мен иірімжіптің қасиеттеріне әсері экспериментальді зерттеу;
- иірімжіптің қасиеттеріне қабылдау барабаны жылдамдығы өзгеруінің әсерін тәжірибе жүзінде зерттеу;
- «негізгі барабан – қалпақшалар» аймағындағы жалпы тарау дәрежесін есептеуге;
- таралған өнімді шығару жылдамдығының иірімжіптің сапалық көрсеткіштеріне әсерін тәжірибелік зерттеу;
- кардты тарау машинасының жұмысшы органдары жылдамдықтарының оңтайлы параметрлерін тәжірибе жүзінде анықтау;
- тарау машинасының технологиялық параметрлерін теориялық зерттеу барысында өңделетін шикізат қасиеттерінің өзгеруі мен сапасына әсер ететін факторларды анықтауға мүмкіндік беретін математикалық модельдер әзірлеу.

Зерттеу нысаны мен материалдары. Мақта талшықтары, жартылай өнімдер, тарақтық таспа, иірімжіп, қалпақшалы кардты тарау машинасы және иіру өндірісіндегі технологиялық процесстер.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмыстарында жартылай өнімдер мен иірім жіп өнімдерінің сапасын тексеру әдістері, математикалық статистика және есептеу математикасы, компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз ету және қазіргі заманғы өлшеу әдістері мен бағалау құралдары қолданылды.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- тарау машинасының қалпақ қозғалысының жылдамдығы артқан сайын қысқа талшық құрамы (SFC) және біртегіссіздігі (U%) азаятындығы және қалпақтың жылдамдығы 320 мм/мин болғанда, таспа мен иірім жіптің сапасы жақсаратыны анықталды;
- қабылдау барабанының жылдамдығы ұлғайған сайын иірімжіптің біртегіссіздігі (U%), ақаулары (IPI), және түктілігі (H) азаятыны, ал иірімжіптің беріктік (сН/текс) көрсеткіші төмендейтіні дәлелденді;
- тарау машинасындағы «негізгі барабан – қалпақшалар» аймағындағы жалпы тарау дәрежесі есептелінді;
- таралған өнімді шығару жылдамдығын арттыру, алынатын иірімжіптің сапалық көрсеткіштерін төмендететіні анықталды;
- кардты тарау машинасының оңтайлы жылдамдық режимдері ұсынылды;
- таспа мен иірімжіп қасиеттерінің сапасына әсер ететін факторларды анықтауға мүмкіндік беретін математикалық модельдер әзірленді.

Жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы

Жұмыстың теориялық құндылығы кардты тарау машинасында жүретін физикалық процестер туралы ғылыми білімді кеңейту және жүйелеуден, сондай-ақ иірімжіптің сапасын жақсарту мақсатында осы процестерді ғылыми негізделген басқаруға арналған математикалық құралдарды ұсынудан тұрады.

Зерттеу нәтижелері бойынша ұсыныстар мен нұсқаулар иіру өндірісінде шикізатты ауыстырған жағдайда немесе дайын иірімжіптің сипаттамаларын өзгерту қажет болған кезде кардты тарау машиналарын оңтайлы режимге тез және дәл баптау бойынша инженерлер мен операторларға арналған практикалық нұсқаулық болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері сапалы, бәсекеге қабілетті сұранысқа ие иірімжіп алу үшін тоқыма саласы кәсіпорындарында қолданылуы мүмкін.

Нәтижелердің сенімділік дәрежесі және апробациясы.

Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің сенімділігі теориялық зерттеулермен негізделген эксперименттік тексерумен, физика-механикалық сынақтардың нәтижелерін растайтын математикалық модельдеулер дәлдігімен дәлелденген.

Зерттеу жұмысының нәтижелері «Azala Textile» ЖШС-і кәсіпорнына енгізілді. (Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өндіріске енгізу акті №62, 14.05.2024ж. (Қосымша А))

Тарау машинасының оңтайлы жылдамдық режимін анықтау бойынша алынған нәтижелер «Azala Textile» ЖШС-де өндірістік жағдайда сынақтан өткізілді (Қысқа иіру жүйесі бар тарау машинасының оңтайлы жылдамдық режимін анықтауға тәжірибелік-өндірістік сынақ акті №62/1, 14.05.2024ж. (Қосымша Б))

«Өндірілетін иірімжіптің сапасын арттыру үшін тарау машинасында талшықтарды қардты тараудың процесін есептеу және оңтайландыру» тақырыбындағы диссертация бойынша орындалған ғылыми зерттеудің нәтижелерін оқу процесіне енгізу актісі (Қосымша В, №221, 27.12.2024ж.).

Автор иіру өндірісінде алынатын иірімжіптің физика-механикалық қасиеттерін жақсартуға тарау процесінің әсерін бағалай отырып, тарау машинасының қалпақшалары қозғалысының жылдамдықтары, қабылдау барабаны жылдамдығының өзгеруі, таралған өнімді шығару жылдамдығының иірімжіптің сапалық көрсеткіштеріне әсерін тәжірибелік зерттеп, тарау қондырғысының жұмысшы органдары жылдамдықтарының оңтайлы параметрлерін анықтауға негізделген эксперименталдық және теория негізіндегі орындалған жұмысты қорғайды.

Автордың жеке үлесі таңдалған тақырып бойынша жұмыстың мақсаттары мен міндеттеріне сай жоспар әзірленіп, сапалық көрсеткіштері жоғары иірімжіп алуға бағытталған қардты тарау машинасының жұмысшы органдарының оңтайлы параметрлері тәжірибе жүзінде анықталды. Жұмысты орындау барысында өндірістік сынақтар жүргізілді. Ғылыми тұжырымдар мен сынақ бойынша алынған нәтижелер сараланды. Тарау машинасының технологиялық параметрлері теориялық зерттеліп, регрессиялық математикалық модель негізіндегі теңдеулер алынды. Диссертациялық жұмысты орындау барысында алынған ғылыми нәтижелер өндіріс пен оқу үдерісіне енгізілді.

Зерттеу нәтижелерінің жариялануы. Диссертация тақырыбына сәйкес 9 ғылыми жариялымдар жарияланды. Оның ішінде:

- Scopus деректер қорында индексацияланатын журналдарда 2 мақала:

1. Yeshzhanov A.A., Erdem R., Murzabayeva G.K., Tojimirzaev S.T., Batyrkulova A., Kaldybaev R., Zhambylbay A. Impact of taker-in speed on the characteristics of ring-spun yarn // Industria Textila, 2024, vol. 75, N. 6, P.768-774 DOI:10.35530/IT.075.06.2023135

2. S. T. Tojimirzaev, G. K. Murzabayeva, A. A. Yeshzhanov, R. Erdem, M. Yeziyeva, A. Batyrkulova, T. Togataev Determination of the Optimum Speed Mode of the Carding Machine // International Review of Mechanical Engineering (I.RE.M.E.), Vol. 18, N. 4, 2024, pp.183-188 <https://doi.org/10.15866/ireme.v18i4.24488>

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 2 мақала:

1. А.А. Ешжанов, Г.К. Мурзабаева, С.Т. Тожимирзаев, Р.Т. Калдыбаев, А.Б. Батыркулова Кардты тараудың технологиялық режимдерінің өзгеруінің

таспа мен иірім жіптің сапалық көрсеткіштеріне әсері //«ВЕСТНИК ВКТУ», № 1, 2024, С.101-110

2. Ешжанов А.А., Мурзабаева Г.К., Тожимирзаев С.Т., Калдыбаев Р.Т., Абзалбекұлы Б., Батиркулова А.А. Тарау жылдамдығының иірім жіптің сапалық көрсеткіштеріне әсері // Научный журнал «Механика и технологии», №2(84), г. Тараз, 2024. С.327-337. <https://doi.org/10.55956/GYME4749>

- Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтары мен материалдарында 5 мақала:

1. Ешжанов А.А., Джанпаизова В.М., Мурзабаева Г.К. Анализ конструкции современных кардочесальных машин // Eurasian Education, Science and Innovation Journal Proceedings of the XI international scientific practical conference “Machine learning today, prospects and threats” Germany, 2022, 24-25 May 2022 Volume 10, P. 238-241.

2. Ешжанов А.А., Мурзабаева Г.К., Эрдем Р. Кардты тарау машинасының қалпақшаларының тиімділігіне әсер ететін факторлар // Труды международной научно-практической конференции «Ауэзовские чтения – 20: наследие Мухтара Ауэзова – достояние нации» посвященная 125 - летию М.О. Ауэзова» - Шымкент: ЮКУ им. М. Ауэзова, 2022 г. т.8 – С.62-64.

3. A.A. Yeshzhanov, G.K. Murzabayeva, A.A. Batyrculova, A.A. Turganbayeva Determination of fibers' non-combed part length held by flats // XI International Annual Conference “Industrial Technologies and Engineering – ICITE-2022”, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan. December 9-10, 2022, Volume II- P. 70-73.

4. Yeshzhanov A., Murzabayeva G., Togataev T. The influence of increasing the productivity of the carding machine on the quality indicators of the card sliver // E3S Web of Conferences 474, 01024 (2024), ICITE 2023 <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202447401024>

5. Yeshzhanov A., Murzabayeva G., Kaldybaev R. The influence of the average residence time of the fiber in the set of the main drum and the flats of the carding machine on the carding degree// E3S Web of Conferences 474, 01025 (2024), ICITE 2023 <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202447401025>

Диссертацияның құрылымы мен көлемі. Диссертациялық жұмыс терминдер мен анықтамалар, қысқартулар мен белгілеулер тізбесінен, нормативтік сілтемелер, кіріспе, үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған дереккөздердің тізімі, қосымшалардан тұрады. Жұмыс 124 беттен, 23 кестеден, 41 суреттер мен қосымшалардан тұрады.

1 ТОҚЫМА ӨНДІРІСІНІҢ ЗАМАНАУИ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Бүгінгі таңда еліміздің тоқыма өнеркәсібі жоғары қарқынмен дамып қана қоймай, экспортты тұрақтандырушы, шетелдік инвестицияларды тартумен қатар өндіріс процестерін жаңартып, техникалық және технологиялық жағынан түбегейлі жаңартып отырған сала ретінде көзге түседі.

Еліміздегі жеңіл өнеркәсіп саласы 20-дан астам саланы қамтып, үш негізгі топқа бөлінеді: тоқыма өнеркәсібі (55%), киім-кешек өндірісі (37%) және тері өнімдері мен оған қатысты бұйымдарды өндіру (8%).

2024 жылдың 1 сәуірінде саланың жалпы көлемін 1400 кәсіпорын құрады, оның 58%-ын (818 кәсіпорын) тігін кәсіпорындары, 33%-ын (463 кәсіпорын) тоқыма өнімдерін өндіретін кәсіпорындар, ал 9%-ын (119 кәсіпорын) тері және оған қатысты өнімдерді өндіретін кәсіпорындар алып жатыр. Саланың 97%-ын (немесе 1362 кәсіпорын) шағын кәсіпорындар құрайды.

Алайда, жеңіл өнеркәсіптің жалпы экономикаға әсері басқа салаларға қарағанда аз. 2023 жылдың қорытындысы бойынша, жеңіл өнеркәсіптің өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 0,97% құрады. 2024 жылдың қаңтар-наурыз айларында жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің көлемі 52,7 млрд теңгеге жетті.

Жеңіл өнеркәсіпті дамыту мақсатында 2022-2025 жылдарға арналған жеңіл өнеркәсіпті дамыту жол картасы бекітілді. Аталмыш жол картасында жеңіл өнеркәсіптің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру, шикізат базасын дамыту және шикізатты өңдеу, мемлекеттік қолдау шаралары, саланы кадрмен қамтамасыз ету, жеңіл өнеркәсіп тауарларына маркировка және бақылау жүргізу, отандық жеңіл өнеркәсіп өнімдерін өндіру қуаттарын арттыру, инвестиция тарту, әлемдік тәжірибені енгізу және экспортты дамыту шаралары қарастырылған.

Жеңіл өнеркәсіп тауарларын мемлекеттік сатып алу кезінде екі жыл мерзімге ұлттық режимнен бас тарту туралы шешім қабылданды (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 19 ақпандағы № 99 қаулысы).

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы соңғы несие алушыларға жеңіл өнеркәсіп жобаларын қаржыландыру жылдық 3% -дан аспайтын сыйақы мөлшерлемесімен жүргізілуде.

Саланы қосымша ынталандыру мақсатында арнайы экономикалық аймақтардың басым іс-әрекет түрлерінің тізіміне жеңіл өнеркәсіп салалары енгізілген. [4]

Елімізде болашақта инвестиция тарту үшін жағдай жасау және жоғары қосылған құны бар бәсекеге қабілетті өнім өндіруді қамтамасыз ететін заманауи жоғары технологиялық өнеркәсіптік кәсіпорындарды құру мақсатында арнайы экономикалық аймақтар құрылды.

Қазақстан Республикасының 1-ші Президенті Н. Назарбаевтың 2005 жылғы 6 шілдедегі №1605 Жарлығымен құрылған Шымкент қаласындағы

«Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағының құрылуының мақсаты тоқыма өндірісін дамыту және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, отандық шитті мақтаны тұтыну көлемін арттыру, жоғары құнды дайын тоқыма өнімдерін өндіру. Қазіргі кезде «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағында «Бал Текстиль» ЖШС, «AZALA Cotton» ЖШС, «Шымкент-Кашемир» ЖШС және т.б. ірі тоқыма кәсіпорындары жұмыс жасауда.

«Мақта-тоқыма кластері» алып жобасы – экономиканы дамытудың бір шарты. Түркістан облысының Мақтарал ауданында мақта-тоқыма кластерін дамытудың 2024-2030 жылдарға жоспарында құны 70 млрд теңге болатын 8 ірі жобаны жүзеге асыру қарастырылған. Кластерді құру арқылы 3 мыңнан аса жұмыс орындары ашылып, бюджетке қосымша салықтық түсімдер түседі деп жоспарлануда [5].

Осы тұста соңғы жылдары әлемдік өндіріс тәжірибесінде тоқыма және жеңіл өнеркәсіптегі технологиялық процестерде елеулі өзгерістер орын алғанын айта кеткен жөн. Бұл тұтынушылардың ең талапшыл талаптарына жауап беретін жаңа өнім ассортиментін шығаруға мүмкіндік берді.

Жаңа технологияны енгізу нәтижесінде өндірілетін өнімнің сыртқы түрі айтарлықтай жақсарып, өзіндік құны төмендеп, өндіріс мәдениеті көтерілді [6].

Мамандардың есептеулері бойынша өндірілген мақта шикізатының көлемі оны терең өңдеуді ескере отырып, тоқыма және жеңіл өнеркәсіптің шикізаттық қажеттілігін толығымен қамтамасыз етеді. Қазір республикада өсірілген мақта талшығының барлығы өңделуде.

Экспортты шикізаттан дайын өнімге қайта бағдарлау жеңіл өнеркәсіпті дамытудың болашаққа бағдарланған жаңа стратегиясын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Бірқатар факторлар тоқыма өнеркәсібін басқа салалардан оңтайлы ажыратады және экономикалық өсуді айтарлықтай арттырудың маңызды стратегиялық құралы болып табылады.

Қазақстанда өсірілетін мақта талшығының түсі, ұзындығы, беріктігі және микронейрлік параметрлері халықаралық стандарттарға толық сәйкес келеді. Сондай-ақ орташа сызықтық тығыздығы бар иірім жіптерді өндіруде мақта талшығының микронейрлік индексінің төмендеуі проблема ретінде қарастырылады.

Бірқатар маңызды шараларды жүзеге асыру тоқыма өнеркәсібін дамыту мәселелерін шешуге және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл тік интеграциялық-өндірістік кешен тек мата, киім және трикотаж өндірісінде көп профильді және бәсекеге қабілетті холдингтерді құруды қамтамасыз ету үшін ғана емес, сонымен қатар тоқыма және дайын өнім нарықтарында бәсекелестік деңгейін арттыру үшін ұсынылады. Сондай-ақ экспорттық және ішкі нарыққа жоғары сапалы киім тігуге арналған жоғары сапалы маталар шығару үшін шитті мақта мен мақта талшығын өңдеу сапасын арттыру шаралары қабылдануы тиіс.

1.1 Тоқыма материалдары мен бұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолдарын талдау

Салада ғылым жетістіктерін пайдалану да жылдан-жылға артып, инновациялық жобалар жүзеге асырылуда. Олардың қатарында жаңа тұтынушылық қасиеттері бар тоқыма жартылай өнімдері мен балаларға арналған органикалық киімдер өндірісін игеру бар. Талшықтардың арасына қосымша құрамдастарды, атап айтқанда, күміс шашыраған жіптерді, трансгенді пілләден жібек шикізатының жіптерін енгізу арқылы алынатын өнімдерді шығару да қолға алынды. Бұл тұрақты сұранысқа ие және тұтыну нарығы үшін өзекті болатыны сөзсіз индустриялық инновациялардың мысалдары.

Болашақта тоқыма және жеңіл өнеркәсіп Республиканың өнеркәсіп кешенін дамытудағы рөлін сақтап қалатыны сөзсіз. Бұл ретте сектордың қаржылық және зияткерлік ресурстары елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарын іске асыру үшін маңызды ғылыми зерттеулерге және ғылыми-техникалық қызметтің басым бағыттарына шоғырланатын болады. Инновациялық технологияларды дамыту және оның негізінде әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті өнім жасау осы бағыттағы іс-әрекеттің негізі болып табылады.

Бүгінде иіру кәсіпорындары әлемге әйгілі Rieter (Швейцария), Trutzschler (Германия), Marzoli, Savio (Италия), Murata, Toyota (Жапония), Temsan Air (Түркия) фирмаларының ең заманауи техникаларымен және станоктарымен жабдықталған. Белгіленген жабдықты толық игеру, оған сапалы өнім өндіру, талшық сапасының табиғи көрсеткіштерін сақтай отырып, талшықтарды тиімді пайдалану, талшықтардан бөлінетін шығарындылар нормаларын сақтау үшін біздің ұлттық шикізатқа сәйкес жабдықты реттеу параметрлерін оңтайлы көрсеткіштерді анықтау қажет болады.

Тарақтарды иіруге арналған талшықтарды тарау және тазалау, тарау және дайындау технологиясы мен жабдықтарын, баламалы жұмыс параметрлерін, сондай-ақ талшық өнімдеріне әсер ететін факторларды зерттеу бойынша кең ауқымды ғылыми зерттеулер жүргізілді, оның ішінде:

Авторлар жұмыста [7] Riter (Швейцария) фирмасының R-36 роторлы иіру машинасында өндірілген сызықтық тығыздығы 29 текс иірімжіпті өндіру кезінде C-70 тарау машинасының қабылдау, негізгі және түсіру барабандарының айналу жылдамдығының таралған таспаның ластануына әсерін эксперименттік зерттеулер жүргізген. Бас барабан мен қабылдау барабанның жылдамдықтарының ара қатынасы $V_6/V_k = 1,61$ болғанда қабылдау барабаннан талшықтарды түсіру қиындайды, түйіндердің пайда болуына алып келеді (1 граммға — 89 түйін), ал ара қатынасты 1,85–2,0 дейін ұлғайтқан кезде түйіндердің саны 70-ке дейін төмендеген. Ең таза таралған таспа бас барабан мен қабылдау барабанының жылдамдықтарының ара қатынасы $V_6/V_k = 1,83–2,05$ және түсіру барабанының айналу жиілігі 70–80 мин⁻¹ болғанда алынған.

Жұмыста [8] тарау таспасындағы түйіндер санын және тарау таспасының жалпы құрылымын анықтайтын факторларды зерттеуге бағытталған эксперименталды зерттеудің нәтижелері берілген. Математикалық эксперименттік жоспарлау әдістерін қолдана отырып, авторлар таспаның сапасына әртүрлі параметрлердің әсерін бағалауға мүмкіндік беретін регрессия моделін жасады. MatCad бағдарламалық пакетін пайдалана отырып, зерттелетін факторлар мен таспа сапасы арасындағы байланыстың визуализациясы құрастырылды. Алынған мәліметтер негізінде төмен сұрыпты мақтаны және қалдықтарды тарау процесіне талдау жүргізілді, бұл экономикалық ойларды ескере отырып, қазіргі заманғы тарау машиналарының технологиялық параметрлерін оңтайландыру бойынша ұсыныстарды тұжырымдауға мүмкіндік берді.

Zi SP, Cheng Y.X. және Dang S.J.[9] бас барабанның, қабылдау барабанының және шығатын орамның сызықтық тығыздығы тарақ үлгісіне әсер ететінін анықтады.

Zhidan Z. және Pengzi S. [10] тарау машинасының артқы тарау аймағында бекітілген гарнитуралар арасындағы қашықтықты және қабылдау барабанының жылдамдығын таңдау бойынша зерттеулер жүргізді. Сондай-ақ H.R.Sheikh [11] өзінің ғылыми зерттеулерінде тарау машинасының қозғалмайтын гарнитураларының тарақ таспасына әсерін зерттеді.

J. Simpson [12] және басқалары иіру процесінің өнімділігіне тарау жылдамдығы мен басты барабанның айналу жылдамдығының әсері туралы зерттеулер жүргізді. Олар жоғарырақ тарау жылдамдығы талшық ұзындығына, иірім жіптің қасиеттеріне немесе иірім жіптің үзілуіне теріс әсер етпестен жойылатын талшық мөлшерінің азаюына әкелетінін анықтады.

Мақта тазалау және иіру кәсіпорындарында мақта талшықтарының сапалық көрсеткіштері әртүрлі технологиялық процестердің әсерінен күрделі статистикалық заңдылықтарға сәйкес өзгереді. Бұл заң талшықты материалға байланысты және купинчин мақтасын бастапқы өңдеу кезінде талшықтың сапалық көрсеткіштері бұзылады, яғни ұзындығы, беріктігі мен икемділігі азаяды және талшықтың зақымдануы артады.

Авторлар [13] конденсация кезінде талшықтардың қозғалысын сипаттайтын модельдеу жүргізді және конденсацияның кардты тарау машинасына әсері зерттеді. Модельдеу нәтижелері конденсацияның тығыздалған таспаға араластырғыш және тегістеуші әсер ететінін көрсетті, мұны талшықты қайта бөлумен түсіндіруге болады. Сонымен қатар, жайғақтың енін ұлғайту және конденсация ұзындығын азайту таспаның біркелкі болуына әкелуі мүмкін.

Qian Xixi [14] және басқалары негізделген байлам үлгісіне сүйене отырып, тараудың мәні мен талшықтардың өзара әрекеттесуін ескере отырып, байламдарды ашу үшін кинематикалық шектеулер құрастырды. Динамикалық теңдеумен біріктірілген кезде талшықтардың күйі талшықтардың өзара әрекеттесуінің қосымшалығына байланысты қосымша сызықтық есеп ретінде шешілуі мүмкін. Тәжірибелердің сапалық ерекшеліктерін көрсететін модельдеу арқылы кері тарту күштері расталған.

Шығару параметрлерінің ажыратуға әсері де зерттелді. Модельдеу нәтижелері кері тарту жылдамдығының жоғарылауымен және тиімді ұзындықтың азаюымен кері тарту күштерінің өсетінін көрсетті. Ұсынылған есептеу жүйесін талшықтардың өзара әрекеттесуі бар басқа кездейсоқ талшықты материалдардың механикалық әрекетін болжау үшін қолдануға болады.

Үлкен көлемдегі мақта талшығының таралу дәрежесі, соңғы иірім жіптің сапасымен тығыз байланысты. Жұмыста [15] кардты тарақ таспаның салмағын арттыру және тарау процесінде тарту коэффициентін арттыру арқылы таралған таспаның салмағы реттеліп, сәйкесінше процесс оңтайландырылған. Нәтижелер мақта талшығын тарау, салмағының сәйкесінше артуы негізгі азайтуға және иірімжіптің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Өндіріс шығындарын азайтуға бағытталған иірудің технологиялық процестерін қысқарту жоғары сапалы иірім жіпті алуда қиындықтар туғызады. Талшықтардың сызықтық тығыздығының таралуын ғана емес, сонымен қатар таспа осіне параллель төсеп түзететін автотегістеушіні қолданудың маңызы зор. Зерттеу [16] барысында алынған нәтижелер талшықты тарақты иіру жүйелерінде модификацияланған жұмыс алгоритмі бойынша жұмыс істейтін автотегістерді пайдалану қажеттілігін негіздейді. Жұмыс орнында тарау процесіне дейін таспаны реттеу тарақ жақтауынан шығатын таспа біртегіссіздігін аздап жақсартады, ал тарақ процесінен кейін модификацияланған өрескел өңдеуді пайдалану созбаны немесе пневмомеханикалық иіру машинасына арналған таспа сапасын айтарлықтай жақсартады. Авто тегістегіштер таспаның біртегіссіздігін жақсартады, бірақ тараудан кейін алынған және процесте келесі станокқа жіберілген таспаның соңғы адгезия мәніне әсер етпейді. Ең алдымен, бұл адгезия мөлшеріне әсер ететін тарау пайызы. Дегенмен, тарау алдында қолданылған қысқа мерзімді реттеудің талшықтың түзетілу дәрежесіне оң әсері бар, бұл тарақ таспасындағы талшықтың ұзындығының параметрлерінің жақсаруына және соның салдары ретінде иірім жіптің сапа параметрлерінің жақсаруына әкеледі.

Тарау процесінің параметрлерін өзгерту иірім жіптің сапасына және матаның қалыптасу процесінің жұмысына тікелей әсер етеді. Авторлар [17] кардты таспаны беру жылдамдығының иірімжіптің сапасына әсерін зерттегенде, кардты таралған таспаны беру жылдамдығының өзгеруі иірім жіптің мөлшерінің өзгеруіне, иірім жіптің біртегіссіздігіне, иірім жіптің ұзаруына және иірім жіптің иілу индексіне айтарлықтай әсер етпейтіні анықтады. Беру жылдамдығы артқан сайын иірім жіптің беріктігі артады, иірім жіптің ақау индексі жоғарылайды және жалғыз жіптің беріктігі төмендейді.

Физикалық қасиеттері өсірілетін аймаққа байланысты өзгертін мақта шикізаты әлі күнге дейін тоқыма өнеркәсібінде қолданылатын өте кең таралған талшық болып табылады. Ұзындық, жіңішкелік, беріктік және талшықтың жетілуі сияқты қасиеттер иірім жіптің ұзаруына, біртегіссіздігіне,

ақаулары мен түктілігіне әсер етеді. K.G. Gizem [18] және басқалар зерттеу барысында шикізат ретінде төрт түрлі 100% мақта қоспасы (американдық мақта, Эгей мақтасы, Урфа мақтасы, грек мақтасы) қолданып және 20 текстік иірімжіп алды. ANOVA сынақтары әртүрлі мақта қоспаларынан өндірілген иірім жіптердің біртегіссіздігі, созылуы, жіптің жетілмегендігі және түктілігінің параметрлері статистикалық түрде әртүрлі деген тұжырымды келтіреді. Негізгі құрамдас талдау (НҚТ) және корреляция матрицасын талшықтардың қасиеттері мен әртүрлі қоспалар иірім жіптердің жинақы қасиеттері арасындағы байланысты талдау үшін де қолдануға болады.

Мақта талшығының зақымдануы көзге көрінетінін және көрінбейтінін алғаш рет акад. М.А. Хаджинова [19] анықтаған.

Ғылыми-зерттеу жұмысында алға қойылған мақсатқа жету үшін иіру кәсіпорындарында түтіп тазалау, тарау және иіруге дайындаудың қолданыстағы технологиясы мен жабдықтарының мүмкіндіктері, иіру динамикасын анықтау нәтижесінде иіру жабдықтарының баламалы түрлері мен жұмыс параметрлері қарастырылды. Республикада өсірілетін әртүрлі селективті сорттардың мақта талшықтарының сапа көрсеткіштерінің қолданыстағы технологиялық ауысуларындағы өзгерістер мәселелері зерттеліп, тоқыма өнеркәсібінің алдында тұрған мәселелер көп қырлы мәселе ретінде шешіледі, ең соңында бәсекеге қабілетті иірім жіп иіру мүмкіндігі қарастырылады.

Тоқыма өнеркәсібінің дамуы мақта саласының жай-күйімен тікелей байланысты екені сөзсіз.

Әлемдік тәжірибеден белгілі болғандай, тоқыма өнеркәсібінде тігін өндірісімен интеграцияланған жүйе тиімді және бәсекеге қабілетті бола алады, бұл жүйе мақта шикізатын өсіру мен бастапқы өңдеуден бастап мақта фабрикаларында кейіннен қайта өңдеуге және дайын өнімге (яғни, иірім жіп, трикотаж, дәке және киім) айналуға дейінгі процестерді қамтиды.

Халық шаруашылығы үшін жаңа өнеркәсіптің озық түрінің кластерлік схемасын құру және енгізу негізінде "мақта шикізатын өсіру – қайта өңдеу – дайын өнім" түріндегі тұйық тізбектен тұратын жүз пайыз қалдықсыз өндірістік объектіні құру көзделген.

1.2 Мақта талшығының қасиеттері және олардан жасалған тоқыма бұйымдарына қойылатын талаптар

1992 жылға дейін мақта талшығының қасиеттері – ұзындығы, сызықтық тығыздығы, қаттылығы, үзілу кезіндегі ұзаруы және гигиеналық қасиеттері негізінен «классикалық» моральдық тұрғыдан ескірген өлшеу құралдарының көмегімен анықталды.

Жылдам дамып келе жатқан тоқыма секторы шикізатты терең талдаудың әлемдік тәжірибесін қолдануды талап етті, нәтижесінде тоқыма кәсіпорындарына HVI [20] және Uster AFIS Pro [21] сияқты Uster® жүйесіне кіретін сынақ жабдықтары келді және қазіргі уақытта бұл жабдық тоқыма кәсіпорындарында тиімді пайдаланылуда.

Жоғарыда аталған сынақ жабдықтарын енгізумен қатар мақта талшығының сапасының негізгі көрсеткіштері микронейр (Mic), жетілу (Maturity), жетілмеген (сынғыш) талшық мөлшері (IFC,%), түйіндер (Neps), қысқа талшық индексі (SFI), жарықтың шағылысу коэффициенті (Rd,%), сарғаю дәрежесі (+b), орташа ұзындық (UHML), (50% қамту ұзындығы, 2,5% қамту ұзындығы), фиброграмма, біртегіссіздік индексі (UI,%), біртектілік дәрежесі (UR,%), шаң мөлшері және оның қаттылығы (Dust. μm) енгізілген. Бұл көрсеткіштердің барлығы, әрине, иірім жіп өндіру процесінде иірім жіп қасиеттеріне әсер етеді.

Мақта талшығының қасиеттерін жан-жақты анықтау үшін сынақ жабдығын ұсынатын компаниялар Keissoki, Mikronaire КМА моделі (Жапония); Lenzing Equipment Vibrochrom-400 моделі (Австрия); Mesdan, Classifiber моделі (Италия); TechTexno GmbH (Германия), HVI (High Volume Instrument) (АҚШ), HVI-1000; Uster AFIS PRO-2 моделі (Швейцария) және Premier Testing, MAG Solvics PVT, HVI Expert 1401 моделі (Үндістан) және басқа да көптеген зертханалық жабдықтарды көрсетуге болады [21-23].

Mustafa E. Üreyen және Hüseyin Kadogluның [24] зерттеуінің негізгі мақсаты HVI жүйесі арқылы өлшенген мақта талшығының қасиеттерінен алынған ең маңызды иірім жіптің сапалық сипаттамаларын болжау болды. Осы мақсатта Түркияның әртүрлі иіру фабрикаларынан 15 түрлі мақта қоспасы таңдалды. Мақта талшықтары Эгей университетінің тоқыма және киім-кешекті қолдану және ғылыми-зерттеу орталығында қысқа штапельді талшық иіру желісінде өңделіп, сақиналы иірімжіптер (20s, 25s, 30s және 35s) алынды. Әрбір сан үш түрлі бұралу факторымен айналдырылды (α е 3,8, α е 4,2 және α е 4,6). Иірім жіп сапасының сипаттамаларын бағалау үшін сызықтық көп регрессия әдістері қолданылды. Иірім жіптің саны, бұралу және айналу қасиеттері иірім жіп қасиеттеріне айтарлықтай әсер етті, сондықтан бұл параметрлер де болжаушы ретінде таңдалды. Сәйкестік статистикасын тексергеннен кейін өте үлкен R^2 (бірнеше рет анықтау жылдамдығы) және түзетілген R^2 мәндері алынды.

Талшықтар арасындағы үйкелістің, созбаны иіру күшіне және иірім жіптің қасиеттеріне айналмалы бұралу көбейткіштері тікелей әсер етеді [25]. Тарту күші мен созба беріктігі арасындағы корреляция ($R^2 = 0,9001$) жеткілікті жақсы болады. Иірімжіптің беріктігін иірім жіптің үзілу кезіндегі ұзаруымен салыстырғанда талшық пен созба параметрлерімен жақсы сәйкес келетіні анық. Иірім жіптің біртегіссіздігі мен жалпы ақаулары талшық пен созба параметрлерімен өте жақсы корреляцияға ие.

Алынатын иірімжіптің сапасы көптеген факторларға байланысты. Авторлар [26] жұмыста таспа беру жылдамдығының кардты және тарақты мақта иірім жібінің біртегіссіздігіне әсерін зерттеді. Зерттеу барысында 100% мақта шикізаты пайдаланылды және кардты таспасының үлгілері бес түрлі беру жылдамдығында (60 м/мин, 120 м/мин, 180 м/мин, 240 м/мин және 300 м/мин) жасалды. Қолданылған шикізат пен өндірілген кардты таспа үлгілерінің сапалық сипаттамалары Uster HVI 1000 және Uster AFIS сынақ жабдықтары арқылы өлшенді. Сақиналы иіру машинасында алынған

сақиналы иірім жіп үлгілерінің сапалық сипаттамалары Uster Tester 4 және Uster Tensojet Test құрылғыларының көмегімен өлшенді. Статистикалық талдау үшін ANOVA талдау әдісі қолданылған. Нәтижелер иірім жіптің біртегіссіздігінің тарақ таспасының шығу жылдамдығына тура пропорционал екенін көрсетті, ал тарақ таспасының шығу жылдамдығының жоғарылауы біртегіссіздік мәндері (C_{vm} (%)) жоғары тарақ таспасының үлгілеріне әкеледі.

Иіру өндірісінде сақиналы иіру - кең таралған, жоғары сапалы иірімжіп және штапельді талшықтарды иіруде кеңінен қолданылатын ең маңызды иіру жүйесі. Сақиналы иіру технологиясы арқылы әлемде өндірілетін барлық штапельді жіптің 70%-дан астамы өндірілуде [27]. Сақиналы иірудің технологиялық операцияларындағы әрбір параметр иірім жіптің сапасына айтарлықтай әсер етеді. Е. Онер [28] зерттеу барысында машина параметрлері мен конструкциясының қосыту-араластыру, кардты тарау, таспалау, тарақты тарау, созбалау және иіру процестерінің әрқайсысында таспа мен иірім жіптің қасиеттеріне әсерін зерттеді. Алынған нәтижелерге сәйкес, кардты тарау машинасының өнімділігі артқан сайын талшықтарды тазалау жылдамдығы төмендейтінін атап өтуге болады. Сонымен қатар, тарақты тарау процесінде талшықтарды тиімді тарау талшықтардың параллельдігі арқылы иірімжіптің тегістігін арттырады деп айтуға болады, дегенмен, сонымен бірге қатаң процесс арқылы беріктік көрсеткіштерін төмендетеді. Иірім жіптің бұралу дәрежесі жоғарылаған сайын талшықтар иірім жіптің көлденең қимасына жақындап, тығыз құрылым түзеді, осылайша иірімжіптің беріктігі артады, бірақ икемділігі төмендейді.

Талшықтардың, иірімжіптің қасиеттерін жан-жақты анықтау кезінде зерттеушілер тарапынан HVI (High Volume Instrument) жабдығы көптеп қолданылады. Авторлардың [29] жұмысы басқару процесі, талшық пен иірім жіптің қасиеттері арасындағы байланысты зерттеуге және бағалауға бағытталған. Зерттеу барысында алынған нәтижелер бойынша ықшамды иірімжіптердің біртегіссіздігі, ақаулары, түктілігі, созылу беріктігі және ұзаруы, жоғары дәлдікті HVI құралында сыналған таспа мен созбаның біртегіссіздігінің нәтижелерін және талшықтың қасиеттерін ескере отырып бағаланды. Жіптер санының артуымен иірімжіптің біртегіссіздігі ұлғаяды, иірімжіптің созылуы талшықтың ұзындығына, біртегіссіздігіне және беріктігіне байланысты артады, ал қысқа талшық индексі және қоқым қоспа мөлшері жоғарылаған сайын азаяды. Иірім жіптің созылуы талшықтың жіңішкелігі мен ылғалдылығының жоғарылауымен артады және талшық қоспасындағы қысқа талшық индексінің жоғарылауымен азаяды. Екінші жағынан, иірім жіптің біртегіссіздігі мен иілгіштігі перс, қысқа талшық индексі және қоспадағы қоқым қоспа мөлшерінің жоғарылауымен артады.

Талшықты микронейр индексі халықаралық мақта саудасы мен иіру процесінің сарапшылары үшін маңызды қасиеттердің бірі болып табылады [30].

Микронейр-талшықты жұқа (сызықтық тығыздық, m_{tex}) және жетілген (целлюлоза қабырғасының даму дәрежесі) ретінде сипаттайды [30]. Микронейр индексі ауа ағынының талшық массасы арқылы өтуіне

негізделген. Талшық үлгісінің ауа өткізгіштігі мен үлгідегі талшықтың жұқалығы арасында корреляция бар. КМА сынақ құрылғысындағы микронейрді анықтау үшін ауа ағынының арнасына 3,24 грамм үлгі орналастырылады. Үлгідегі талшықтың сызықтық тығыздығы өте аз және жетілмеген болса, ауа ағынына төзімділік соғұрлым жоғары болады. HVI жүйесінде[20] 10 грамм мақта талшығынан жасалған үлгі микронейрді анықтау үшін бумадан алынады, сынақтар бірнеше секунд ішінде жүргізіледі. Микронейр көрсеткіші иірім жіптің көлденең қимасындағы талшықтар санының өзгеруін тудырады және соның нәтижесінде жіптің физика-механикалық қасиеттеріне және бүкіл иіру процесіне әсер етеді [31].

Ғылыми зерттеулер талшық массасындағы піспеген талшықтың (өлі талшық) (IFC) % мөлшері неғұрлым аз болса, тоқыма бұйымдарын бояу-өңдеу процесінде матаның жақсы боялатынын көрсетеді [22].

Ұзындығы 0,5 дюймден (12,7 мм) аз талшықтар қысқа талшық индексін (SFI%) құрайды. Бұл көрсеткіш үлгінің жалпы салмағының қысқа талшық массасының пайызын білдіреді. Мұндай ұзындықтағы талшықтар иіру процесінде қолданылмайтыны белгілі, бірақ қалдықтарға тасталады, нәтижесінде қалдықтар нормадан асып түседі. Бұл көрсеткіш 2% - 20% аралығында болады [20,32-35].

Сондай-ақ қысқа талшықтарды интенсивті тарау арқылы алу әрекеттері күрделене түседі, қысқа талшықтар негізінен тарау машиналарында бөлінетінін ескере отырып, иірілетін талшықтардың қалдық құрамға бөлінуі артады.

Қардты таспаның сапасы алынған соңғы иірімжіптің сапасын анықтайтын маңызды фактор болып табылады [36]. Иірілген жіп сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі оның біртегіссіздігі болып табылады, ол ұзындық бірлігіндегі салмақтың өзгеруімен немесе қалыңдықтың вариациясымен көрінеді [37]. Бұл параметрді сандық бағалау үшін U% (орташа біртегіссіздігі) және CVm % (вариация коэффициенті) көрсеткіштері қолданылады.

Қабылдау аймағы шоғырланған талшықтарды жеке талшықтарға бөлуде және талшық материалынан қоспа бөгде заттар мен ақауларды жоюда шешуші рөл атқарады. Қабылдау аумағында қоректендіру тақтасы, беру білікшесі, қабылдаушы және қоқыс ұстайтын пышақтар бар. Белгілі бір жүктеме кезінде талшықты төсеніш қырлы беру шығыршығы мен қоректендіру пластинкасының тегіс қисық беті арасында ұсталады және беру шығыршығының айналуымен ішінара қабылдағышқа беріледі [90]. Машиналардың бұл сегментінде талшықтардың шамамен 70-80% жеке талшықтарға бөлінеді, ал бөгде заттар мен ақаулар сондай пайызбен жойылады [86]. Қабылдау аймағындағы талшық шоғырын өңдеуге келесі айнымалылар маңызды әсер етеді: қоректендіру шығыршығының жылдамдығы, беру тақтасы мен қабылдау құрылғысы арасындағы саңылау, қоректенетін талшықтың біртегіссіздігі мен қоқыс сипаттамалары, қабылдау жылдамдығы, қабылдаушылар саны, қабылдаушы және қоқыс ұстаушы пышақтары арасындағы реттеу және қабылдау шығыршығының сипаттамалары [121]. Тарау машинасының қабылдау барабанының айналу жылдамдығы жүйеден шығатын қалдықтардың мөлшеріне әсер етеді, дегенмен, шамадан тыс жылдамдық та талшықтарға зақым келтіруі мүмкін. Негізгі барабанның айналу жиілігі талшықтарды жеке қопсытуда өте тиімді. Пышақтардың жылдамдығы қысқа талшықтарды кетіруге жауапты, бірақ өнімнің біртектілігіне әсер етпейді [122].

Жоғары сапалы картты таспаны өндіру үшін картты тарау машинасы конфигурациясының ең жақсы параметрлерін анықтау үшін бірнеше зерттеулер жүргізілді. Мысалы, Ghosh пен Bhaduri картты тарау таспасының сапасы, ең алдымен, негізгі барабан мен түсіру барабанының жылдамдығымен және жайғақты берумен анықталатынын анықтады [123]. Zhang мен Sun картты тарау машинасының артқы стационарлы жазықтығын таңдау мен қабылдау жылдамдығының таспа сапасына әсерін зерттеді [124]. Simpson және т.б. картты тарау жылдамдығы мен негізгі барабан жылдамдығының талшықтардың түйдектелуіне және иіру тиімділігіне әсерін зерттеді. Тарау жылдамдығының жоғарылауы кіші түйіндер санының көбеюіне және негізгі түйіндер санының азаюына әкелетінін анықтады [12].

Тарау машиналарының әртүрлі технологиялық параметрлері бойынша ауқымды зерттеулерге қарамастан, картты таспаның және сақиналы иіру арқылы алынған иірімжіптің сапасына қабылдау жылдамдығының әсері туралы нақты зерттеулер жеткіліксіз. Жұмыста үш түрлі қабылдау жылдамдығының (1200 мин^{-1} , 1400 мин^{-1} және 1600 мин^{-1}) талшықтың үзілуіне, тазалау тиімділігіне, картты тарау мен таспаны созудың біртегіссіздігіне, сақиналы иірімжіптің беріктігіне, біртегіссіздігіне және түктілігіне әсері зерттелді.

Талшық үлгілері «Azala Textile» ЖШС иіру фабрикасында (Шымкент, Қазақстан Республикасы) кездейсоқ іріктеу арқылы шикізат ағынынан таңдалды. Мақта үлгілері AFIS және HVI жүйелерін қолдану арқылы зертханалық жабдықта тексерілді [125]. Зерттелетін мақта талшығы үлгілерінің қасиеттері 2.6-кестеде берілген.

Кесте 2.6 - Фабрикалық сұрыпталған мақта талшығының физика-механикалық қасиеттері

Параметрлер атауы	Мәні
2,5% Талшық ұзындығы [мм]	28,5-29
Біртектілік деңгейі (%)	49
Беріктік [cN/dtex]	2,85-3
Үзілу созылғыштығы [%]	8
Микронейр [MI]	4,4-4,8
Қысқа талшықтар үлесі (%)	6-10
Жарық қайтаруы [Rd]	74,8
Сарғыштығы [+b]	9,4

1-кестеде микронейрдің шамасы 1-ші теңдеумен [126] есептелетін MI түрінде берілген.

$$dtex = MI \cdot 0,394 \quad (1)$$

Зерттеу барысында өлшеу нәтижелерін талдау үшін келесі теңдеулер де қолданылды. Мысалы, жіптің ұзындығы бойынша талшықтардың біркелкі емес таралуы біртегіссіздікті (U%) тудырады, бұл материалдың ұзындық бірлігіне массаның ауытқуын көрсетеді (2-теңдеу) [85].

$$\text{Тегіссіздік (U\%)} = (\text{орташа ауытқу/ауытқу}) \cdot 100 \quad (2)$$

Иірімжіптің ақаулық индексі (IPI) 3-ші теңдеуімен анықталды [85].

$$IPI = \text{Қалың тұстары (+50\%), жіңішке тұстары (-50\%), және перс (+200\%)} \quad (3)$$


Сынамалар қоректендіру барабанының жылдамдығы 1200, 1400 және 1600 мин⁻¹ кезіндегі кездейсоқ сынама алу арқылы алынды. Барлық басқа процесс параметрлері бүкіл өндіріс кезінде өзгеріссіз қалды. Үлгілер AFIS PRO2 зертханалық құралында талданды, мұнда талшықтың үзілгіштігі, түйінді жою тиімділігі және жабдыққа кіретін және шығатын үлгілердің ақаулық индексі өлшенді. Кардты тарау процесінің тазалау тиімділігі анализатордың (MESDAN) көмегімен тексерілді. Сынақ материалы 2.7-кестеде көрсетілген тұрақты технологиялық параметрлерде иірілді. Сақиналы иіру машинасынан (G-35, RIETER) алынған иірілген жіп Uster Tester-5 (UT-5) зертханалық құрылғысында ақауларға (IPI), біртегіссіздігіне (%), түктілігіне және дара жіптің беріктігіне тексерілді. Әрбір сынақ үшін 30 үлгі талданды (қабылдау барабанының әрбір жылдамдығынан 10 үлгі) және орташа нәтижелер есептелді. Сонымен қатар, сақиналы иіру машинасынан алынған иірімжіп жарық микроскопында (Mikromet) 10 есе үлкейту арқылы зерттелді.

Кесте 2.7 - 17.35 текс сақиналы иірімжіріп өндірудің технологиялық процесінің параметрлері.

Процесс түрлері	1	2	3
Тарау	RIETER C60		
Таспа, текс	~ 70	~ 70	~ 70
Қабылдау барабанның жылдамдығы, мин ⁻¹	1200	1400	1600
Негізгі барабанның жылдамдығы, мин ⁻¹	620	620	620
Қалпақшалар жылдамдығы, мм/мин	330	330	330
Түсіру барабанының жылдамдығы, м/мин	152	152	152
Қоректендіру жаймасының тығыздығы, г/м	500-600	500-600	500-600
Өнімділік, кг/сағ	120	120	120
1-ші таспалық өткел	RIETER SB-40		
Таспа, текс	~ 70	~ 70	~ 70
Артқы созу	1,2	1,2	1,2
Жалпы созу	4,56	4,56	4,56
Шығару жылдамдығы, м/мин ⁻¹	300	300	300
Қабаттау	8×8	8×8	8×8
Цилиндрлер аралық саңылаулар	A-39, B-37	A-39, B-37	A-39, B-37
2-ші таспалық өткел	RIETER RSB-D 40		
Таспа, текс	~ 70	~ 70	~ 70
Артқы созу	1,2	1,2	1,2
Жалпы созу	6	6	6
Шығару жылдамдығы, м/мин ⁻¹	600	600	600
Қабаттау	6×6	6×6	6×6
Цилиндрлер аралық саңылаулар	A-42, B-37	A-42, B-37	A-42, B-37
Созба алу	RIETER F-35		
Созба Но., текс	~ 484	~ 484	~ 484
Рогоулка жылдамдығы, мин ⁻¹	1250	1250	1250
Ширату, орам/метр	43	43	43
Тығыздағыш	Black	Black	Black
Жалпы созу	7	7	7
Артқы созу	1,2	1,2	1,2
Тығыздағыш, (мм)	12мм	12мм	12мм
Жіп иіру	RIETER G-35		
Жалпы созу	35,7	35,7	35,7
Артқы созу	1,1	1,1	1,1
Тығыздағыш	White	White	White
Цилиндрлер аралық саңылаулар	49	49	49
Ұршықтар жылдамдығы, айн/мин ⁻¹	17400	17400	17400
Ширату, орам/метр	771	771	771

15-суреттегі график қабылдау барабанның жылдамдығын 1200-ден 1600 мин⁻¹-ке дейін арттыру талшықтардың үзілуінің ұлғаюына әкелетінін көрсетеді. Осылайша, қысқа талшықтардың орташа мөлшері 1200, 1400 және 1600 мин⁻¹ жылдамдықта сәйкесінше 5,6%, 6% және 6,8% құрады. Бұл өсім жоғары жылдамдықта талшықтар олардың бұзылуына әкелетін қарқынды


механикалық әсерге ұшырайтындығына байланысты. Нәтижесінде материалдағы қысқа талшықтардың үлесі артады, ал талшықтардың орташа жалпы ұзындығы азаяды. Қысқа талшықтардың құрамының жоғарылауы алынатын иірімжіптің қасиеттеріне тікелей теріс әсер етеді.



15 сурет - Қабылдау барабанының жылдамдық режимдерінің талшықтың үзілуіне әсері.

16-суретте көрсетілген нәтижелер қабылдау барабанның жылдамдығы мен тазалау тиімділігі арасында оң корреляция бар екенін көрсетеді. Тазалау тиімділігінің орташа мәндері 1200, 1400 және 1600 мин⁻¹ жылдамдықта тиісінше 85,5%, 88,5% және 94,5% болды.


Эксперименттік деректер негізгі барабанның айналу жылдамдығын арттыру тазалау тиімділігін арттыруға ықпал ететінін көрсетеді. Сонымен қатар, қабылдау барабанның жылдамдығының артуы тарау машинасының өнімділігінің артуына және соның нәтижесінде тазалау тиімділігінің артуына әкеледі. Екінші жағынан, персті жою тиімділігі негізгі барабанның жылдамдығын белгілі бір шекке дейін жоғарылатумен артады, содан кейін жылдамдықты одан әрі арттыру бұл тиімділіктің төмендеуіне әкеледі.



16 сурет – Кардты тараудағы тазалау тиімділігіне қабылдау барабаны жылдамдығының әсері

17-суретте кардты тарау таспасының біртегіссіздігінің ($U\%$) қабылдау барабанының жылдамдығына тәуелділігі көрсетілген. Графикті талдау жылдамдықтың 1200-ден 1400 мин^{-1} дейін ұлғаюымен біртегіссіздіктің төмендейтінін көрсетеді, бірақ жылдамдықты одан әрі 1600 мин^{-1} дейін арттыру кезінде оның өсуіне кері тенденция байқалады. Біртегіссіздіктің орташа мәндері 1200, 1400 және 1600 мин^{-1} жылдамдықта сәйкесінше 3,75%, 3,35% және 4,15% құрады.


Қабылдау барабанының жылдамдығын арттыру талшықтардың үзілуіне ықпал етеді және нәтижесінде материалдағы қысқа талшықтардың мөлшерін арттырады. Оңтайлы қабылдау жылдамдығында қысқа талшықтар тиімді түрде жойылады, бұл алынатын таспаның біртегіссіздігінің төмендеуіне әкеледі.



17 сурет - Қабылдау барабаны жылдамдығының таспаның біртегіссіздігіне ($U\%$) әсері.


18-суретте қабылдау барабанының жылдамдығы мен бірінші RIETER SB-40 таспалау машинасында өндірілген таспаның біртегіссіздігі ($U\%$) арасындағы байланыс көрсетілген. Алынған мәліметтерге сәйкес, қабылдау жылдамдығы артқан сайын таспаның біртегіссіздігі азаяды. Ең жоғары біртегіссіздіктің мәні $U\% = 3,39$, 1200 мин^{-1} жылдамдықта тіркелді. 1400 мин^{-1} және 1600 мин^{-1} қабылдау жылдамдықтары үшін таспалау машинасының таспаларының орташа біртегіссіздік мәндері сәйкесінше 3,29% және 3,23% құрады.

Тарау таспасының біртегіссіздігінің одан әрі төмендеуі таспалау машинасында орын алады, оның негізгі қызметі материалдың қалыңдығын созу және қабаттау арқылы реттеу болып табылады [127]. Таспалау машинасындағы біртегіссіздікті азайтуға 8 тарау таспаларын қабаттау арқылы қол жеткізіледі.



18 сурет - Қабылдау барабаны жылдамдығының 1-ші таспалық өткелдегі тарау таспасының біртегіссіздігіне әсері


Екінші таспалау сатысында (RIETER RSB-D40 таспалау машинасы) қабылдау барабанның жылдамдығы артқан сайын таспаның біртегіссіздігі төмендеді (19 сурет). Орташа біртегіссіздік мәндер 1200, 1400 және 1600 мин⁻¹ жылдамдықтар үшін сәйкесінше 2,5%, 2,52% және 2,21% болды. Екінші таспалық өткелінің негізгі қызметі қабаттау және автоматты туралау арқылы материалдың біртегіссіздігін одан әрі азайту болып табылады [128]. Алынған нәтижелер технологиялық процестің бұл кезеңі біртегіссіздіктің айтарлықтай жақсаруын қамтамасыз ететінін растайды.



19 сурет - Қабылдау барабаны жылдамдығының 2-ші таспалық өткелдегі тарау таспасының біртегіссіздігіне әсері


20-суретте қабылдау барабанының жылдамдығының сақиналы иіру нәтижесінде алынған иірімжіптің біртегіссіздігіне әсері көрсетілген. Иірімжіптің біртегіссіздігін анықтау үшін әрбір қабылдау барабанының жылдамдығы үшін он сақиналы орауыш сыналып, орташа мән анықталды.

Иірімжіптің біртегіссіздігінің орташа мәндері 1200 мин⁻¹ үшін 11,7%, 1400 мин⁻¹ үшін 11,4% және 1600 мин⁻¹ үшін 10,9% құрады (20-сурет). Графиктен көрініп тұрғандай, барабанның қабылдау жылдамдығы 1600 мин⁻¹ болғанда ең оң нәтиже алынды. Бұл нәтижені кардты тарау машинасында қабылдау барабанының жоғары жылдамдығы кезінде аудан бірлігіндегі талшықтардың саны жеткілікті болуымен және талшықтардың оңтайлы саны кейінгі процестерге берілуімен түсіндіруге болады. Белгілі болғандай, иірімжіптің біртегіссіздігі иірімжіптің өнімділігі мен беріктігіне теріс әсер етеді, бұл иірімжіп сапасының төмендеуіне әкеледі [129].




20 сурет - Қабылдау барабаны жылдамдығының иірімжіптің біртегіссіздігіне (U%) әсері.

21-суретте қабылдау жылдамдығының иірімжіптің ақаулық индексі (PI) мәндеріне әсері көрсетілген. Иірімжіптің ақаулық индексі PI 1000 метр иірімжіптегі жуан тұстары, жіңішке тұстары және перстер санын сипаттайды [85]. Графикке сәйкес, сақиналы иірімжіптің PI мәндері орта есеппен 1200 мин⁻¹ үшін 190, 1400 мин⁻¹ үшін 250 және 1600 мин⁻¹ үшін 360 құрайды. Иірімжіптің ақаулық индексі PI қабылдау жылдамдығы артқан сайын артады деген қорытынды жасауға болады. Қысқа талшықтар PI-ге тікелей әсер етеді, өйткені қабылдау жылдамдығының жоғарылауымен көбірек талшықтар зақымдалады.




21 сурет - Қабылдау барабаны жылдамдығының иірімжіптің ақауларына (IPI) әсері

22-суретте иірімжіптің шекті беріктігіне қабылдау жылдамдығының әсері көрсетілген. Ол дара жіптің беріктігін сынаудан алынған мәліметтерді пайдалана отырып есептелді. 100% мақта иірімжіптің ұзу күші және соған байланысты ұзаруы осы беріктік сынақтарынан анықталды. Иірімжіптің шекті беріктігі (сН/текс) мен үзілу кезіндегі ұзаруы коэффициенті (%) арасында күшті корреляция бар [130]. Графикке сәйкес иірімжіптің орташа шекті беріктігі мәндері сәйкесінше 1200 мин⁻¹ үшін 15,49 сН/текс, 1400 мин⁻¹ үшін 15,1 сН/текс және 1600 мин⁻¹ үшін 14,8 сН/текс болып табылды. Нәтижелер сақиналы иірімжіптің шекті беріктігі қабылдау жылдамдығының жоғарылауымен төмендейтінін көрсетті. Жоғары жылдамдықта талшықтардың үзілуіне байланысты таспада қысқа талшықтардың саны күрт артады. Қысқа талшықтардың көбеюі иірімжіптің салыстырмалы беріктігін төмендетеді.




22 сурет - Қабылдау барабаны жылдамдығының иірімжіптің шекті беріктігіне әсері (сН/текс)

Қабылдау жылдамдығының иірімжіптің түктілігіне әсері 23-суретте көрсетілген. Шығыңқы талшықтардың жалпы ұзындығы/жіп ұзындығының см түктілік индексінің (Н мәні) анықтамасы болып табылады. Жеті ұзындық аймағынан астам шығыңқы талшықтардың саны 1-10 мм диапазонында есептеледі. Әрбір ұзындық аймағындағы шығыңқы талшықтардың жеке саны иірімжіп ұзындығының 100 м үшін нормаланады [131]. Графикке сәйкес алынған иірімжіптердің түктілігі сәйкесінше 1200 мин⁻¹-та 5,4, 1400 мин⁻¹-та 5,9 және 1600 мин⁻¹-та 6,2 болды. Кардты тарау машинасының қабылдау барабанының жылдамдығы артқан сайын сақиналы иірімжіптің түктілігі де жоғарылайтынын графиктен көруге болады. Бұл, ең алдымен, жоғары жылдамдықта талшықтардың зақымдалуына және жүйеде қысқа талшықтардың пайда болуына байланысты. Жіпте қысқа талшықтардың көбеюі шығыңқы талшықтардың көбеюіне әкеледі, бұл жіптің түктілігін арттыруға ықпал етеді.



23 сурет - Қабылдау барабаны жылдамдығының иірімжіптің түктілігіне әсері

Үш қабылдау барабанының жылдамдығын: 1200, 1400 және 1600 мин⁻¹ пайдалану арқылы алынған сақиналы иірімжіп (17,35 текс) бетінің сипаттамаларын әрі қарай зерттеу үшін микроскопиялық талдау жүргізілді (24-сурет). Фотосуреттер иірімжіптің біртегіссіздігі мен түктілігі қабылдау жылдамдығының жоғарылауымен арта түсетінін анық көрсетеді.



24 сурет - Қабылдау барабанының әртүрлі жылдамдықтарында алынған сақиналы иірімжіптің (17,35 текс) микроскопиялық суреттері (10х);
а) 1200 мин⁻¹, б) 1400 мин⁻¹ және с) 1600 мин⁻¹.

Сақиналы иірімжіп өндіру желісінде 17,35 текс мақта иірімжіп өндіру үшін жүргізілген ағымдағы зерттеуде картты тарау машинасының қабылдау барабанының жылдамдығы 1200 мин⁻¹, 1400 мин⁻¹ және 1600 мин⁻¹ болып орнатылды және бұл жылдамдықтардың таспа пен иірімжіп сипаттамаларына әсері анықталды. Сонымен қатар, иірімжіп өндірісіндегі аралық процестердің өзгерістері талданды. Қабылдау барабаны жылдамдығының жоғарылауымен картты тарау машинасының тазалау тиімділігі артты. Сонымен бірге, қабылдау барабаны жылдамдығының жоғарылауына байланысты картты таспаның біртегіссіздігі өзгерді. Бастапқы өткелдегі таспалау машинасынан алынған таспаның біртегіссіздігі қабылдау қондырғысының жылдамдығы артқан сайын азайғаны анықталды. Қабылдау барабанының жылдамдығы ұлғайған сайын, екінші таспалау өткелінде біртегіссіздік азайды. Екінші жағынан, сақиналы иірімжіптің белгілі бір қасиеттері, соның ішінде біртегіссіздігі (U%), ақаулары (IPI), иірімжіптің беріктігі (сН/текс) және түктілігі (Н) қабылдау барабаны жылдамдығының жоғарылауымен төмендеу үрдісін көрсетті. [132].

2.5 Тарау машинасының өнімділігін жоғарлатудың тарау таспасының сапа көрсеткіштеріне әсері

Иіруге дайындаудың бастапқы қопсыту-түту бөлімінде мақтадан 70%-ға дейін бөгде қоспалар мен ақаулы талшықтар алынады. Қалған қоспалар (жайғақ массасының 1–8%-ы) тарау машиналарына берілетін талшықты орамдардың бетінде де, ішінде де орналасады. Материалды одан әрі тиімді тазалау осы орамдарды жеке талшықтарға бөлгеннен кейін ғана мүмкін болады. Бұл тарау процесі кезінде қол жеткізіледі, өйткені қопсыту-түту бөлімнің жабдықтары мұндай жұмыстарға арналмаған [36,133].

Осылайша, тараудың негізгі міндеті талшықты шоқтарды бөліп, жеке талшықтарды қалған қоспалардан тазарту болып табылады. Бұл процесс, әсіресе, картты иіру жүйесінде картты тарау машинасы талшықты материалды тазалаудың соңғы кезеңі болып табылатындықтан маңызды [134,56]. Сапалы, таза және біркелкі иірімжіптің алынуы таралған талшықтардың сапасына және тарау таспасының біртектілігіне тікелей байланысты, ол көбінесе тарау машинасының конструкциясымен анықталады [135].

Тарау машинасының жұмыс бөліктерінің жылдамдық режимдерінің әсеріне жүргізілген зерттеулерді [18,11,136] талдау оның өнімділігі, ең алдымен, негізгі, қабылдау және түсіру барабандардың айналу жылдамдығын арттыру арқылы жоғарылайтынын көрсетеді. Қабылдау және негізгі, сондай-ақ негізгі және түсіру барабандары арасындағы саңылауларды өзгерту мүмкіндігі олардың беттері мен оларды дайындау дәлдігі мен

конструкциясына тікелей байланысты екенін ескеру маңызды. Бұл параметрлерді оңтайландыру машинаның өнімділігінің жоғарылауы кезінде де тарам және тарау таспасының сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл зерттеу Trützschler TC 15 тарау машинасында жүргізілді. Тәжірибе барысында технологиялық процесс параметрлері тұрақты қала отырылып негізгі, қабылдау және түсіру барабандардың айналу жылдамдығы өзгертілді. Шикізат ретінде талшық ұзындығы 26,5–28 мм (2.5 % Span length [mm]) орташа талшықты мақта қолданылды. Нәтижесінде сызықтық тығыздығы 4 кТекс тарау таспасы алынды. Тарамның сапасы USTER TESTER 5 (UT-5) зертханалық жабдығы арқылы *перстер* саны бойынша бағаланды [137].

Кесте 2.8 - 5-I, 5-II, 5-III фабрикалық сұрыптағы мақта талшығының физикалық-механикалық қасиеттері

№	Параметрлер атауы		Мәні
1	2.5 % Span length [mm]	Талшық ұзындығы	26.5-28
2	Uniformity ratio (%)	Біртектілік деңгейі (%)	40
3	Strength [g/tex]	Беріктік г/текс	26.5-27
4	Elongation [%]	Үзілу созылғыштығы %	8
5	Micronaire [MI]	Микронейр [MI]	4.8-5.2
6	Short fiber index (%)	Қысқа талшықтар үлесі (%)	11-15
7	Reflectance [Rd]	Жарық шағылыстыруы [Rd]	74.8
8	Yellowishness [+b]	Сарғыштығы [+b]	9.4

Тарау үлгілері машина ені бойынша үш түрлі аймақтардан алынды. Бұл аймақтар ортадан тепкіш күштердің әсерінен және тұтас металл ара таспасының қысымы әсерінен болатын негізгі барабан бетінің ең аз, орташа және ең үлкен деформациясы бар аймақтарға сәйкес келеді. Осылайша, бұл аймақтар машина ені бойынша әртүрлі саңылау өлшемдері бар аймақтарды білдіреді. Саңылау барабанның шетінен оның ортасына қарай азаяды және бұл әсер айналу жылдамдығы артқан сайын күшейеді.

Толтыру параметрлерін өзгерту арқылы қабылдау, негізгі және түсіру барабандарының айналу жылдамдығының әсері зерттелді. Бұл нұсқалар 2.9 және 2.10 кестелерде берілген. 2.9-кестеде 1-нұсқа шеңберінде негізгі барабанның (451-ден 520 мин⁻¹ диапазонында) және қабылдау барабанының (1018-ден 1400 мин⁻¹ дейін) айналу жылдамдығына тәуелділік зерттелді, бұл ретте машина өнімділігі 120 кг/сағ, түсіру барабанының айналу жылдамдығы өзгермейді, ол 72 мин⁻¹.

Кесте 2.9 – Тарау машинасының параметрлері (1-ші нұсқа)

№	N _{каб.б.} мин ⁻¹	N _{нег.б.} мин ⁻¹	N _{түс.б.} мин ⁻¹	Q _т кг/сағ
1	1018	451	72	120
2	1206	481	72	120
3	1400	520	72	120

2.10-кестеде 2-нұсқа көрсетілген, мұнда түсіру барабанның жылдамдық режимдері тарау машинаның өнімділігінде әртүрлі өзгертілген.

Кесте 2.10 – Тарау машинасының параметрлері (2-ші нұсқа)

№	$N_{\text{каб.б.}}$ мин ⁻¹	$N_{\text{нег.б.}}$ мин ⁻¹	$N_{\text{түс.б.}}$ мин ⁻¹	$Q_{\text{т}}$ кг/сағ
1	1018	451	62	98
2	1206	481	67	109
3	1400	520	72	120


Эксперимент нәтижелері 2.11-кестеде келтірілген.

Бұл нәтижелерді талдау жылдамдық режимдерінің тарам сапасына және тарау машиналарының өнімділігіне әсері туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.


Кесте 2.11 - Жылдамдық режимдерінің тарам сапасына және тарау машиналарының өнімділігіне әсері

Барабанның ені бойынша аймақтар	Негізгі барабанның айналу жиілігі								
	451 мин ⁻¹			481 мин ⁻¹			520 мин ⁻¹		
	Негізгі және түсіру барабандары арасындағы саңылау, мм	1 г. тарамдағы перс саны		Негізгі және түсіру барабандары арасындағы саңылау, мм	1 г. тарамдағы перс саны		Негізгі және түсіру барабандары арасындағы саңылау, мм	1 г. тарамдағы перс саны	
		1	2		1	2		1	2
1	0,22	15	16	0,22	14,5	16,3	0,22	14,3	17,9
2	0,26	14,1	14,2	0,26	13,0	14,5	0,26	11,4	13,8
3	0,30	13,2	13,4	0,30	12,3	14,0	0,30	10,6	13,7
K _{ор}	-	14,1	14,5	-	13,3	14,9	-	12,1	15,1


Осы тәжірибелердің негізінде барабанның ені бойынша әртүрлі жылдамдықтағы перстердің таралу графиктері тұрғызылды (25-сурет а, б, в)



25 сурет (а) - Тұрақты өнімділік 120 кг/сағ кезінде машинаның ені бойынша 1 г тарамдағы *перстер* саны арасындағы тәуелділік: 1 - $N_{\text{псг.г.}} = 451 \text{ мин}^{-1}$, 2 - $N_{\text{псг.г.}} = 481 \text{ мин}^{-1}$, 3 - $N_{\text{псг.г.}} = 520 \text{ мин}^{-1}$.



25 сурет (б) - Өнімділіктің 98 кг/сағ-тан 120 кг/сағ-қа дейін артуы кезінде машинаның ені бойынша 1 г тарамдағы *перстер* саны арасындағы тәуелділік: 1 - $N_{\text{псг.г.}} = 451 \text{ мин}^{-1}$, 2 - $N_{\text{псг.г.}} = 481 \text{ мин}^{-1}$, 3 - $N_{\text{псг.г.}} = 520 \text{ мин}^{-1}$.



25 сурет (в) - Машинаның ені бойынша тарамдағы перстердің орташа санының арасындағы тәуелділік: 1 – машина өнімділігі тұрақты 120 кг/сағ кезінде; 2 – машина өнімділігін сағатына 98 кг-нан 120 кг/сағ-қа дейін арттырумен.

Тәжірибелердің нәтижелері 1 грамм тарамдағы *перстердің* (түйіндердің) таралуы станоктың ені бойынша біртегіссіздігі және негізгі барабан бетінің деформациясының шамасымен сәйкес келетіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Барабан жылдамдығы неғұрлым жоғары және саңылау кішірейген сайын соғұрлым *перстердің* саны азаяды. Негізгі барабанның айналу жиілігі 520 мин^{-1} және одан жоғары болғанда, негізгі барабан мен қалпақшалар арасындағы саңылау 0,1–0,14 мм-ден аспады. Кардты тарау машинасының жылдамдығы мен өнімділігінің пропорционалды өсуі тарамдағы *перс* санының 20%-ға артуына әкеледі. Бұл жұмыс элементтерінің бетіндегі саңылаулар ең үлкен аймақтарға байланысты болады [138,50]. Сонымен қатар, *перстер* санының артуы жұмысшы органдардың эксцентриктілігіне байланысты саңылаулардың ауытқуынан туындауы мүмкін.

2.9 және 2.10-кестелерде көрсетілгендей әртүрлі жылдамдық режимдерінде алынған кардты тарау таспасы USTER TESTER 5 құрылғысында ұзындығы 5 және 10 метр кесінділердегі вариация коэффициентін (квадраттық біртегіссіздігі) анықтау үшін сыналды. Бұл тәжірибелердің нәтижелері 2.12-кестеде келтірілген.

2.12 кестеде келтірілген эксперименттік мәліметтерді талдау келесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді [139].:

- зерттелетін диапазондардағы тарау машиналарының негізгі жұмысшы органдарының жылдамдық режимін жоғарылату тарау сапасының төмендеуіне әкелмейді. Сонымен қатар, негізгі барабанның айналу жиілігінің 451-ден 520 мин^{-1} жоғарылауымен 1 грамм тарамдағы *перстер* санының азаюы байқалады.

- тарау машиналарының жылдамдық режимін ұлғайту тарау таспасының біртегіссіздігін нашарлатпайды және нормативті көрсеткіштер шегінде болады.

Кесте 2.12 - Өртүрлі жылдамдық режимдерінде алынған кардты тарау таспасының вариация коэффициенті

№	Негізгі барабанн ың айналу жиілігі	Q _т , теориялық өнімділік кг/сағ	Тарау таспасының вариация коэффициенті, C _v %				
			USTER қондырғысы бойынша (3 см)	5м	10м	C _v % нормативі (I сұрып үшін)	
						USTER қондырғысы бойынша	5 м кесінді бойынша
1	451	98	4,4±0,05	3,5±0,05	2,0±0,05	5,1-6,0	3,5-4,2
	451	120	4,5±0,05	3,7±0,05	2,2±0,05		
2	581	109	4,6±0,05	3,8±0,05	2,4±0,05	5,1-6,0	3,5-4,2
	581	120	4,7±0,05	3,9±0,05	2,5±0,05		
3	520	98	4,8±0,05	3,9±0,05	2,5±0,05	5,1-6,0	3,5-4,2
	520	120	4,9±0,05	4,0±0,05	2,6±0,05		

2.6 Тарау машинасының негізгі барабаны гарнитуралары мен қалпақшалары арасында талшықтардың болуының орташа уақытының тарау дәрежесіне әсері

Иірімжіп өндірісіндегі өнімділіктің жоғарылауы көбінесе оның сапасының нашарлауымен байланысты. Өнімділік неғұрлым жоғары болса, соғұрлым тарау процесіне және сәйкесінше, кардты тарау таспасының сапасына кері әсер етеді [86].

Негізгі тарау аймағы негізгі барабанның және қалпақшалардың тістері арқылы қалыптасады. Бұл аймақта қалған талшық шоғырлары (оларды қабылдау барабанымен өндегеннен кейін) одан әрі жеке талшықтарға бөлінеді, сонымен қатар ұсақ қоспалар мен ақаулар жойылады [140]. Негізгі барабан қабылдау барабанынан талшық шоғырлары мен жеке талшықтарды алып, оларды қалпақшалармен әрекеттесу аймағына бағыттайды. Қалпақшаларда талшықты материалды тарау процесінде талшық шоғырлары тиімді бөлінеді [56].

Негізгі барабан мен қалпақшалар бірге жұмыс істегенде барабан тістерінде талшықтар қабаты қалады. Негізгі барабан бұл талшықтардың бір бөлігін түсіру барабанына береді, ал кейбіреулері негізгі барабан гарнитураларында қалады. Негізгі барабанның келесі айналымдары кезінде екінші, үшінші және басқа қабаттардағы барлық талшықтар түсіру

барабанына ауыспайды. Қалпақшалар гарнитураларындағы талшықтар қабаты қоректендіруді тоқтатқан кезде түсіру барабанына берілмейтін қалдық қабатқа және талшықтары тарау процесіне қатысатын жұмыс қабатына бөлінеді [141].

Негізгі барабан - қалпақшалар бөлігінің сәтті жұмысына тек қалпақшаның инелі гарнитурсы мен негізгі барабанның гарнитурасы арасында талшықты материалды бірнеше рет алмастыру арқылы ғана қол жеткізуге болады. Тек осы жағдайда ғана талшықтардың барлық шоғырлары жеке талшықтарға ажыратылады, ал талшықтар бөгде қоспалар мен ақаулардан тазартылады.

Талшық ағынының түзулеу қарқындылығын, талшықты араластыру дәрежесін және тарау процесінің тиімділігін талшықтың негізгі барабан және қалпақшаларда жұмсайтын уақытын есептеу арқылы бағалауға болады. Тарау машинасындағы қалпақшаларда талшықтың орташа тұру уақыты келесі тәуелділіктер негізінде анықталады [60,65]: мин:

$$t = \frac{Q_{с.в.}}{T_{л} + V_{л}} \quad (1)$$

$$t = \frac{1 - K_c}{K_c + n_{г.б.}} + T_{ш} + T_{ш1} + T_{ш2} \quad (2)$$

мұнда, $Q_{с.в.}$ — бос талшықтар массасы, яғни қоректендіру тоқтатылғаннан кейін машинадан шығатын талшықтар, г.

$T_{л}$ — таспаның сызықтық тығыздығы, кТекс.

$V_{л}$ — таспа жылдамдығы, м/мин.

K_c — негізгі барабаннан талшықтарды түсіру коэффициенті.

$n_{г.б.}$ — негізгі бпарабанның айналу жиілігі.

$T_{ш}$ — негізгі тарау аймағының қалпақша гарнитурасында талшықтың орташа тұру уақыты, мин.

$T_{ш1}$ — негізгі тарау аймағына дейінгі қалпақша гарнитурасында талшықтың орташа тұру уақыты, мин.

$T_{ш2}$ — негізгі тарау аймағынан кейінгі қалпақша гарнитурасында талшықтың орташа тұру уақыты, мин.

ТС-03 (Trutzschler) және С60 (Rieter) тарау машиналарының негізгі тарау аймағының гарнитурасында талшықтың орташа тұру уақыты, мин:

$$T_{ш} = \frac{L}{V_{н.б.}} \times K_{зам} \quad (3)$$

мұнда, $K_{зам}$ — баяулау коэффициенті 2÷3

Негізгі барабанның сызықтық жылдамдығы

$$V_{н.б.} = \pi \times d_{н.б.} \times n_{н.б.} \quad (4)$$

мұнда, $d_{н.б.}$ — негізгі барабан диаметрі, мм.

$n_{н.б.}$ — негізгі барабанның айналу жиілігі, айн/мин.


Есептеу нәтижелері 2.13 және 2.14 кестелерде берілген.

Кесте 2.13 - ТС-03 тарау машинасының негізгі тарау аймағының гарнитурасында талшықтың орташа тұру уақыты

ТС-03					
$V_{н.б.}$ м/мин.	$T_{ш}$ мин.	$T_{ш1}$ мин.	$T_{ш2}$ мин.	$T (K_c - \text{const})$ мин.	$T (K_c - \text{үлкейт.})$ мин.
405	0,0074	0,0067	0,0068	0,2609	0,2609
810	0,0037	0,0033	0,0034	0,1304	0,1054
1215	0,0024	0,0022	0,0023	0,0869	0,0731
1620	0,0018	0,0017	0,0017	0,0652	0,0436
1215	0,0024	0,0022	0,0023	0,0869	0,0869
1620	0,0018	0,0017	0,0017	0,0652	0,0527
2025	0,0015	0,0013	0,0014	0,0522	0,0362
2430	0,0012	0,0011	0,0011	0,0434	0,0255


Кесте 2.14 - С60 тарау машинасының негізгі тарау аймағының гарнитурасында талшықтың орташа тұру уақыты

С 60					
$V_{н.б.}$ м/мин.	$T_{ш}$ мин.	$T_{ш1}$ мин.	$T_{ш2}$ мин.	$T (K_c - \text{const})$ мин.	$T (K_c - \text{үлкейт.})$ мин.
1150	0,0039	0,0037	0,0038	0,0921	0,0776
1277	0,0035	0,0033	0,00335	0,0830	0,0681
1405	0,0032	0,0030	0,0031	0,0754	0,0604
1533	0,0029	0,0028	0,00285	0,0691	0,0542
1661	0,0027	0,0026	0,00267	0,0638	0,0490
1789	0,0025	0,0024	0,00244	0,0592	0,0447
1916	0,0023	0,00223	0,00227	0,0553	0,0410
2044	0,0022	0,0021	0,00215	0,0518	0,0378



26 сурет - Қалпақшалы тарау машинасында талшықтың орташа тұру уақытының түсіру коэффициентіне тәуелділігі.

26-суретте көрсетілгендей ТС-03 және С60 тарау машиналарында талшықтардың орташа тұру уақыты талшықты түсіру коэффициентіне байланысты және талшықты түсіру коэффициенті азайған сайын артады. ТС-03 және С60 тарау машиналарында талшықтарының тұру уақытын салыстыру ТС-03 үшін сәйкесінше аз екенін көрсетеді (27 сурет).



27 сурет - Қалпақшалы тарау машинасында талшықтың орташа тұру уақытының негізгі барабанның айналу жиілігіне тәуелділігі

Тарау машинасында талшықтардың орташа тұру уақыты айналу жылдамдығы артқан сайын азаяды.

«Барабан - қалпақшалар» аймағында талшықтарды тарау дәрежесі одан әрі зерттелді. Оны барабан тістерімен талшықтарды тарау дәрежесі мен қалпақша инелерімен тарау дәрежесінің қосындысы арқылы бағалауға болады [142]. Бұл жағдайда талшық қозғалысының ықтимал нұсқалары келесідей қабылданады:

- талшық қалпақшаларда ұсталады және негізгі барабанмен таралады, бірақ оған берілмейді, қалпақшалы тарам құрамында қалады.

- негізгі барабанда біраз уақыт ұсталған талшық тегіс тарақтар тізбегі арқылы ретімен таралады.

- Тегіс тарақпен аз уақытқа ұсталған талшық негізгі барабанмен таралады, содан кейін оған беріледі. Бұл процесс бірнеше рет қайталануы мүмкін.

Қалпақшаларға бекітілген бос талшықтардың орташа массасы қалпақшалы тарам массасының 1/40...1/120 бөлігін құрайды [143]. Тарау дәрежесінің есептеу формулаларын алу үшін келесі болжамдарға негізделген технологиялық талдау жүргізілді:

- тек барабан тістерінің және жалпақ тарақтардың инелерінің жүктелмеген бос талшықтарына тырмалау әсері ғана ескерілді;

- тарау аймағынан шығарылған және қалпақшалық тарамға түсетін бос талшықтар есепке алынбаған.

Қалпақшалардың инелерімен ұсталған бос талшықтардың негізгі барабанының тістерімен таралу дәрежесі, тіс/талшық [144]:

$$S_{н.б.} = \frac{l}{t \times b \times 10^3} \left(\frac{BT_B}{T_L E_3 E_4} - \frac{d_B}{K_C 10^3} \right) \quad (5)$$

Негізгі барабанының тістерімен ұсталған бос талшықтардың қалпақшалардың инелерімен таралу дәрежесі, тіс/талшық:

$$S_K = \frac{Z_{y.ш.} l}{10^2} \left[\frac{T_B A B P 10^3}{T_L E_3 E_4 \pi D_T} - d_B \left(\frac{1}{K_{с.э.}} - \frac{1}{K_C} \right) \right] \times (1 - K_C) \quad (6)$$

мұнда, $Z_{y.қ.}$ — қалпақшалар гарнитурасының тығыздығы, яғни 1 см^2 қалпақ бетіндегі инелерінің саны;

A - инелі пластиналар жиынтығының ені ($A = 0,022 \text{ м}$);

P - жұмыс аймағындағы қалпақшалар саны;

d_T — талшықтың есептемелік диаметрі, мм;

B — гарнитуралық талшық ағынының ені, м;

D_6 — барабан диаметрі, м.

«Барабан – қалпақшалар», әсер ету/талшық аймағындағы жалпы тарау дәрежесі келесі формула бойынша есептеледі:

$$S = S_{н.б.} + S_{к} \quad (7)$$

2.15-ші кестеде есептеу нәтижелері берілген.

Кесте 2.15 - «Барабан – қалпақшалар» аймағындағы жалпы тарау дәрежесі

ТС-03			С 60		
$S_{н.б.}$ тіс/талшық	$S_{к}$ тіс/талшық	ΣS әсер/талш.	$S_{н.б.}$ тіс/талшық	$S_{к}$ тіс/талшық	ΣS әсер/талш.
0,0000012	1,0713519	1,0713531	0,0000014	1,1294726	1,1294740

Зерттеу нәтижесінде ТС-03 машинасының жалпы тарау дәрежесі 1,0713531 болса, С60 үшін бұл көрсеткіш 1,1294740-қа жеткені анықталды. Талшықтардың тұру уақыты мен тарау дәрежесінің деректерін талдау негізгі барабанның сызықтық жылдамдығын арттыру С60 және ТС-03 үлгілері үшін қалпақша гарнитураларында талшықтың орташа болуы уақытының қысқаруына әкелетінін көрсетті. Дегенмен, талшықтарға механикалық әсер ету дәрежесі С60 үшін жоғары болды. Бұл негізгі жұмыс аймағына дейін және одан кейін орналасқан қосымша бекітілген қалпақшалық сегменттерін қолданумен түсіндіріледі, бұл тарау әсерін күшейтеді [145].

2.7 Таралған өнімді шығару жылдамдығының иірімжіптің сапалық көрсеткіштеріне әсері

Тарау машинасының негізгі бөлшектері мен механизмдері алынатын өнімнің (таспа, иірімжіп) сапасына әсер етеді. Таспаларды тарау машинасының жылдамдық режимдерінің көрсеткіштері созу, алдын ала иіру және иіру үрдістерінде талшықтың сапалық қасиеттерін өзгертеді [146]. Жаңа буын тарау машиналарының жылдамдық режимдері үш есе өсті. Қабылдау барабанының жылдамдығы 700 мин⁻¹-ден 2700 мин⁻¹-ге дейін, бас барабанның жылдамдығы 350 мин⁻¹-ден 900 мин⁻¹-ге дейін және қалпақтардың қозғалыс жылдамдығы 0,1 м/мин-ден 0,4 м/мин-ге дейін. Сондай-ақ, тарау машинасының жұмыс ені ұлғайған сайын (Rieter R70) 1,0 м-ден 1,5 м-ге дейін [139] өндірілген таспаның тығыздығын 3 ктекс -тен 7 ктекс -ге дейін арттыруға мүмкіндік береді. Тарау жылдамдығы мен тарау машинасының жұмыс енінің жоғарылауымен өнімділігі артты. Тарау машинасының өнімділігі артқанда дайын өнімнің құрылымыда өзгереді.

Қазірге кезде өндіріс пен жеткізілетін материалдың жоғары сапасына қол жеткізу үшін қабылдау барабанының жылдамдығы, негізгі барабанның жылдамдығы, қалпақтардың жылдамдығы және шығару жылдамдығы сияқты тарау машинасының жылдамдық параметрлерін оңтайландыру аса маңызды. Таралған таспаның сапалық көрсеткіштерінің өзгеруі кейінгі иіру үрдістерінің дұрыс орындалмауына әкеледі [147]. Оңтайландыру дегеніміз- белгілі бір мөлшерде және жылдамдықпен алынатын таралған таспаға арналған нормативтерді анықтау.

Қабылдау барабанының жылдамдығы қоқыстарды кетіруге әсер етеді, сонымен қатар талшықтың зақымдалуына әкелуі мүмкін; негізгі барабанның айналу жиілігі талшықтардың ажырауына әсер етеді; қалпақшалардың жылдамдығының артуы қысқа талшықтарды тазартуға және алып тастауға мүмкіндік береді [148].

Таспаны тарау үрдісі сапалы жүру үшін басты барабанның айналу жиілігі 540 мин^{-1} шегінде ұсынылған [149].

Тәжірибе Trutzschler [76] фирмасының TC-15 маркалы тарау машиналарында сағатына 70-тен бастап 80кг/сағ-қа дейін төрт түрлі өндіріс жылдамдығымен жүргізілді. Мақта талшықтарының 1-2 сұрыпты «жақсы» классты IV типті бірдей қоспасы талшықтарды тазарту бөлімінен иіру үрдісіне дейін өңделді.

Кездейсоқ алу тәсілімен ағындағы материалдардан иіру үрдісінің өткелдері бойынша талшық үлгілері алынды. Үлгілер AFIS зертханалық құрал-жабдықтарда сыналды [150]. Мақта талшығының өткелдер бойынша алынған үлгісінің зерттелетін қасиеттері 2.16-кестеде берілген.

1-кестеде талшықтардың қасиеттерінің өзгеру нәтижелері, қопсыту, тазарту және тарау процесінде алынған. Сапалық көрсеткіштер мысалы, өңдеудің бастапқы кезеңдеріндегі түйіндер саны (NEPS) көбейеді, мақта талшықтарын өңдеудің әр ауысуынан кейін қысқа талшықтардың мөлшері біркелкі өзгермейді. Мұны талшықтарды қопсыту, тазарту және тарау процесінде машиналардың жұмыс органдарының динамикалық және механикалық әсерлерінің әсерімен түсіндіруге болады.

Түйіндердің ұлғаюы дайын иірім жіптің проблемаларына әкелуі мүмкін және IPI мәнінің жоғарылауына әсер етеді [151]. Бұл одан да көп иіру процесінің осы ауысуларында зерттеу жүргізуге назар аударуын талап етеді.

Жартылай фабрикаттар иіру процесінің 4 түрлі технологиялық параметрлерінен таңдалды. Trutzschler фирмасының моделі TC-15 70 кг/сағ жұмыс істейтін тарау машинасының технологиялық жабдықтары қолданылды. Мақта талшығы араластыру пісіру цехынан иіруге дейін өңделді. Тарақ таспасы TD-9 моделінің бірінші ауысу машинасында және TD-8 моделінің екінші ауысу машинасында өңделді, содан кейін тарақ таспасы Zinser® 5M моделінің тегістеу машинасында және Zinser® 72 моделінің сақиналы иіру машинасында қайта өңделді, әдетте сақиналы иіру машинасы 17000 мин^{-1} шпиндельдің орташа жылдамдығымен жұмыс істеді [119].

Барлық үлгілер: таралған өнімді шығару жылдамдығы 180 м/мин, 190 м/мин, 200 м/мин, 210 м/мин, иірімжіптің Ne 40/1 (14,5 текс) номиналды нөмірмен алынды.

Кесте 2.16 - Өткелдер кезеңдеріндегі мақта талшығының сапа көрсеткіштері (AFIS жүйесі бойынша мәліметтер)

Өтпелі үрдістер		TotalN epCnt [Cnt/g] түйінд ердің жалпы саны	Fiber Nep Cnt [Cnt/ g] Түйі ндер	SCNep Count [Cnt/g] шиттің қабығы бар перстер саны	SFC (w) % 0.5in Қыс қа талш ықта р	SFC(n) % 0.5in Қысқа талшы қтар	5% L(n) [in] Тал шық тың ұзын дығ ы	Fine ness [mte x] Жіңі шкел ік	Matu rityR atio Жеті луі	IFC [%] Өлі талшық тар
Uster Statistics- 2018	5%	105	96	4,5	2,6	13,1	34/3 5	178	0,98	3,9
	25%	162	150	8,6	4,2	16,5	34/3 5	172	0,94	4,8
	50%	238	225	14	5,8	19,6	34/3 5	164	0,90	5,9
BDT 019/2300		238	219	18	6,6	19,4	33,3	174	0,8	5,7
CL-P алдын ала тазартқыш		248	233	18	6,4	19,5	33,4	168	0,91	5,6
CLEANOMAT CL- U әмбебап тазартқыш		287	263	29	6,7	20,5	33,6	168	0,93	4,8
CARDSHUTFEED тарауға дейінгі қоректендіргіш		345	326	18	6,7	21	34	167	1,1	7
CARDING, TC-15 таралған таспа		58	55	4	8	20	35	173	1,2	6
CLEANING EFFICIENTY, % тазалау тиімділігі		84	84	85	-	-	-	-	-	84
TD-9 таспа 1-ші өткелдегі таспа		43	39	5	6,7	18,3	34,7	181	0,95	4,9
TD-8 таспа 2-ші өткелдегі таспа		71	65	7	6,8	18,5	34,8	182	0,96	4,6

2.17 кестеде өткелдер бойынша технологиялық үрдістердің негізгі параметрлері келтірілген.

Иіру жабдықтары мен технологияларын өндірушілер сызықтық тығыздығы төмен, жоғары сапалы, тарау жылдамдығы жоғары және талшықты жоғалту деңгейі төмен иірімжіптерді өндіруде қиындықтар туғызады [152]. Иірімжіп өндірушілері үшін бұл мәселелерді шешу маңызды, себебі олар бәсекеге қабілетті, сапалы, сұранысқа ие тауар өндіруі қажет.

Кесте 2.17 - Өткелдер бойынша технологиялық үрдістердің негізгі параметрлері

Үрдіс түрі	Параметрлер	Үрдіс түрі	Параметрлер
Тарау жабдығы TC-15		Созбалау жабдығы Zinser 5M	
Таспаның нөмірі (Ne)	0,092	Созбаның нөмірі (Ne)	0,80
Қабылдау барабанының жылдамдығы, мин ⁻¹	1200	Білікшенің жылдамдығы, мин ⁻¹	1200
Негізгі барабанының жылдамдығы, мин ⁻¹	540	Ширату (дюйм)	0,96/1,16
Қалпақшалар жылдамдығы, мм/мин	320	Нығыздағыш	Black
Шығару барабанның жылдамдығы, м/мин	180 / 190 / 200 / 210	Жалпы созу	7,08
Қоректендіру тәсемнің тығыздығы, g/m	500-600	Артқы созу	1,14
TD-9 1-ші таспалау		Тығыздағыш	12 mm
Алынғантаспаның нөмірі (Ne)	0,110	Zinser R72 нұру	
Артқы созу	1,57	Жалпы созу	37,5
Жалпы созу	9,56	Артқы созу	1,19
Шығару жылдамдығы, м/мин	650	Нығыздағыш	White
Қабаттау	8x8	Цилиндрлер арасындағы саңылау	44/54
Цилиндрлер арасындағы саңылау	A-49: B-42	Жүгіртпе түрі	6/0 Zh/Sh Lion brand
TD-8 2-ші таспалау		Ұршықтың жылдамдығы, мин ⁻¹	17000
Алынған таспаның нөмірі (Ne)	0,115	Ширатпа	1045
Артқы созу	1,24		
Жалпы созу	6,26		
Шығару жылдамдығы, м/мин	550		
Қабаттау	6x6		
Цилиндрлер арасындағы саңылау	A-49: B-42		


Бұл зерттеуде тарау машиналарының өнімді шығару жылдамдығының иірімжіптің сапасына әсері талданды. Тараудың төрт түрлі шығару жылдамдығынан жартылай фабрикалардан алынған иірім жіптер Uster Tester-5 зертханалық жабдығында сыналды [125], тестілеу нәтижелерінің көрсеткіштері төмендегідей:

Кесте 2.18 - Таралған өнімді 4 түрлі шығару жылдамдығында алынған иірімжіптің сапалық көрсеткіштері

Мәндердің атауы	Сақиналы қардты иірім жіп, № 40 S ¹ (14,5 текс)			
	180 м/мин	190 м/мин	200 м/мин	210 м/мин
Шығару жылдамдығы				
Нөмір бойынша ауытқу CV, %	1,16	1,21	1,24	1,27
U%/ біртегіссіздік	10,9	11,6	12,0	12,3
CVu%/ uster бойынша вариация коэффициенті	13,72	14,57	15,85	16,50
Thin: (-)50/ жіңішке жерлер	6	10	12	17
Thick: (+)50/ қалың жерлер	64	98	107	123
Neps: (±)200/ түйіндер	129	190	224	238
IPI/ жалпы ақаулар	194	251	295	373
Hairiness/ түктілік	4,2	4,5	4,7	4,8
RKM/ салыстырмалы үзілу беріктігі, cN/tex	16,8	16,5	16,2	16,0
Elongation/ Серпінділігі, %	5,42	5,36	5,30	5,25

Таралған өнімді шығару жылдамдығының иірімжіптің біртегіссіздігіне әсері, (U%).

Таралған өнімді шығару жылдамдығы мен өндіріс жылдамдығының әсері иірім жіптің біртегіссіздігіне айтарлықтай әсер етпейді [153]. 28 суреттегі график бойынша шығару жылдамдығы 180 м/мин-тан 210 м/мин-қа артқан сайын иірім жіптің біртегіссіздігі шамалы артады деген қорытынды жасаймыз. Шығару барабаны жылдамдығының артуы таралған өнім мен тарау таспасындағы талшықтың кездейсоқ бағытталу дәрежесінің төмендеуіне әкеледі.




28 сурет - Шығару жылдамдығының иірім жіптің біртегіссіздігіне әсері, U % және CV % устер бойынша

Таралған өнімді шығару жылдамдығының иірімжіптің ақауларына (IPI) әсері

Ақаулар иірімжіптің қалың және жұқа жерлерін және де перс-ті камтиды. 29 суреттегі графиктен тарамды шығару жылдамдығы 180-ден 210 метр/минутқа дейін жоғарылағанда, иірімжіпте ақаулардың үздіксіз көбеюі

анықталды. Иірімжіптің қалың және жұқа жерлерінің пайызы артып, иірімжіптің жалпы ақаулары (IPI) индексінің жоғарылауына алып келеді. Тарау машинасының басты барабанының үстіндегі талшықтың жүктеме қабаты тарамды шығару жылдамдығының ұлғаюы есебінен артады. Ал талшықтар басты барабаннан шығару барабанға оңай беріледі. Негізгі барабанның жоғары жылдамдығында тарау әрекеті жақсарады, бұл иірімжіп ақауларының жалпы санының төмендеуіне әкеледі [94]. Тарау машинасының негізгі барабанының жоғары жылдамдығымен иірім жіптің жалпы IPI-нің төмендеуіне әкеледі. Қалпақтардың жоғары жылдамдығы түйіндерді кетіру тиімділігін жақсартудың жақсы нәтижесін береді. Түйіндерді және қысқа талшықты тиімді алып тастау арқылы иірім жіптің түктілігі тиімді түрде азаяды. Егер сіз алынбалы барабанның жылдамдығын арттырсаңыз, иірім жіптің IPI-сі талшықтың негізгі барабаннан алынбалы барабанға нашар ауысуына және түйіндердің қосымша генерациясына байланысты артады.




29 сурет - Таралған өнімді шығару жылдамдығының иірімжіптің ақауларына (IPI) әсері.

Таралған өнімді шығару жылдамдығының иірімжіптің беріктігіне әсері (Rkm)

Бұл зерттеуде, бастапқыда шығару барабаны жылдамдығының жоғарылауымен, иірім жіптің беріктігі 16,8 cN/tex-тен 16,0 cN/tex-ке төмендейді. Шығарудың төмен жылдамдығы тараудың нашарлауына және талшықтардың негізгі барабаннан түсіру барабанына нашар өтуіне әкеледі. Шығарудың жоғары жылдамдығы тарау процесінде талшықтың берілу тиімділігін арттырады [60]. Талшықты берудің жоғарғы тиімділігі иірімжіптің беріктігіне қосымша әсер ететін таралған таспадағы талшықтардың аз көлемде ажырауына және параллелденуіне алып келеді.


30-шы суреттегі графиктен таралған өнімді шығару жылдамдығы жоғарылаған кезде, иірімжіптің беріктігі (RKM) 16,8 cN/tex-тен 16,0 cN/tex-ке төмендейтінін көреміз.



30 сурет - Шығару жылдамдығының иірім жіптің беріктігіне (Rkm) әсері, cN/tex

Таралған өнімді шығару жылдамдығының иірімжіптің түктілігіне әсері (H%)


31 суреттегі график бойынша біз тарау шығару жылдамдығының иірім жіптің түктілік индексіне әсерін көре аламыз. Шығару жылдамдығының жоғарылауымен иірім жіптің түктілік индексінде өте аз өзгерістер бар. Тараудың нашар әрекетіне байланысты шығару жылдамдығы 180 мен 210 м/мин аралығында иірімжіптің түктілігі аз деңгейде 4,2%-дан 4,8%-ға жоғарылағаны байқалды. Демек, иірім жіптің түктілік индексіне шығару жылдамдығының әсері маңызды емес деп айтуға болады.



31 сурет - Таралған өнімді шығару жылдамдығының иірім жіптің түктілігіне әсері, H %

Таралған өнімді шығару жылдамдығының иірімжіптің ұзаруына әсері (E%)

32-ші суреттегі график иірім жіптің ұзаруына тарау жылдамдығының әсерін көрсетеді. Айта кету керек, тарамды шығару жылдамдығының жоғарылауынан иірімжіптің ұзаруы 5,42%-дан 5,25%-ға төмендеді. Бұл өте аз өзгерістер болып саналады. Сондықтан, шығару жылдамдығының иірім жіптің ұзаруына әсері айтарлықтай мәнге ие емес деп айтуға болады.



32 сурет - Таралған өнімді шығару жылдамдығының иірімжіптің ұзаруына әсері, E %

Иірімжіптің сапалық сипаттамаларын жоспарлау үшін иірім жіптің сапасына тікелей әсер ететін екі факторды ескеру маңызды: біріншісі-талшықтың қасиеттері және талшықтардың өткелдер бойынша өзгеруі, екіншісі-жабдықтың технологиялық толтыру параметрлері. Бұл факторлар арасындағы байланыс өндірісте сапалы өнім шығаруда үлкен рөл атқарады.

Таралған өнімді шығару жылдамдығының иірімжіптің біртегіссіздігіне әсерін зерттеу барысында шығару жылдамдығы 180 м/мин-тан 210 м/мин-қа артқан сайын иірім жіптің біртегіссіздігі аз мәнде артады. Таралған өнімді шығару жылдамдығы 180-ден 210 метр/минутқа дейін жоғарылағанда, иірімжіпте ақаулардың үздіксіз көбеюі анықталды. Зерттеу барысында шығару барабаны жылдамдығының жоғарылауымен, иірім жіптің беріктігі 16,8 cN/тек-тен 16,0 cN/тек-ке төмендеді. Шығару жылдамдығы 180 мен 210 м/мин аралығында иірімжіптің түктілігі аз деңгейде 4,2%-дан 4,8%-ға жоғарылағаны байқалды. Таралған өнімді шығару жылдамдығының жоғарылауынан иірімжіптің ұзаруы 5,42%-дан 5,25%-ға төмендеді [154].

Екінші бөлім бойынша қорытындылар

1. Тарау машинасының тарау және жетілдіру процесін талдай отырып, тарау машинасының өнімділігін арттыру және таспаның сапасын жақсарту негізінен бас барабан гарнитурасы мен бөлгіш барабандағы талшықтардың сыйымдылығын өзгерту, машинаның конструкциясын жақсарту және әртүрлі сенсорларды қолдану арқылы жүзеге асырылғаны анықталды.

2. Қалпақша қозғалысы жылдамдығының таспа мен жіптің қасиеттеріне әсерін зерттеу барысында қалпақтың жылдамдығы жоғарылаған сайын перс мөлшері азаяды, ал персті жою тиімділігі NRE% жоғарылайды. Қалпақтың жылдамдығы 200, 240, 280, 320 және 360 мм/мин болғанда, мөлшері 88; 82; 77; 66 және 59 непс/грамм, сондай-ақ NRE, % сәйкесінше 63; 67; 73; 77 және 83 құрады. Қалпақтардың қозғалыс жылдамдығы 200 мм/мин болғанда, таспадағы саны бойынша қысқа талшықтың мөлшері SFC(n) 23,5%, ал массасы бойынша қысқа талшықтардың мөлшері SFC(w) 8,3% құрайтыны

анықталды. Қалпақтардың қозғалыс жылдамдығы 360 мм/мин дейін жоғарылаған кезде, SFC (n) қысқа талшық 13,25% - ға дейін төмендеді, яғни 19,6-ға және SFC (w) 6,2-ге 26,5% - ға дейін төмендеді. Қалпақ жылдамдығының сәйкесінше 200 мм/мин-тен 360 мм/мин-ге дейін жоғарылауымен және № 20 (Nm 34) нөмерлі иірім жіптің беріктігі 21,5% - ға және № 30 (Nm 50) нөмерлі иірім жіптің беріктігі 15,2% - ға артатыны анықталды. Осы нәтижелерден қалпақтардың жылдамдығы мен иірім жіптің беріктігі арасында байланыс бар деп болжауға болады.

3. Тарау машинасының қабылдау барабаны жылдамдығының иірім жіп қасиеттеріне әсерін ағымдағы зерттеуде кардты тарау машинасының қабылдау барабанының жылдамдығы 1200 мин⁻¹, 1400 мин⁻¹ және 1600 мин⁻¹ болып орнатылды және бұл жылдамдықтардың таспа пен иірімжіп қасиеттеріне әсері анықталды. Қабылдау барабанының жылдамдығы ұлғайған сайын, екінші таспалау өткелінде таспаның біртегіссіздігі азайды. Қабылдау барабаны жылдамдығының жоғарылауымен иірімжіптің белгілі бір қасиеттері, соның ішінде біртегіссіздігі (U%), ақаулары (IPI), иірімжіптің беріктігі (сН/текс) және түктілігі (H) төмендеу үрдісін көрсетті.

4. Тарау машинасының өнімділігін жоғарлатудың тарау таспасының сапа көрсеткіштеріне әсерін зерттеу кезінде тарау үлгілері машина ені бойынша үш түрлі аймақтардан алынды. Тәжірибелердің нәтижелері 1 грамм тарамдағы *перстердің* таралуы станоктың ені бойынша біртегіссіздігі және негізгі барабан бетінің деформациясының шамасымен сәйкес келетіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

5. Тарау машинасындағы «Негізгі барабан – қалпақшалар», әсер ету/талшық аймағындағы жалпы тарау дәрежесі есептелді. Тарау машинасының негізгі барабаны гарнитуралары мен қалпақшалары арасында талшықтардың болуының орташа уақытының тарау дәрежесіне әсерін анықтау нәтижесінде ТС-03 машинасының жалпы тарау дәрежесі 1,0713531 болса, С60 үшін бұл көрсеткіш 1,1294740-қа жеткені анықталды. Талшықтардың тұру уақыты мен тарау дәрежесінің деректерін талдау негізгі барабанның сызықтық жылдамдығын арттыру С60 және ТС-03 үлгілері үшін қалпақша гарнитураларында талшықтың орташа болуы уақытының қысқаруына әкелетінін көрсетті. Дегенмен, талшықтарға механикалық әсер ету дәрежесі С60 үшін жоғары болды.


6. Таралған өнімді шығару жылдамдығының иірімжіптің сапалық көрсеткіштеріне әсерін зерттеу барысында шығару жылдамдығы 180 мин⁻¹-тан 210 мин⁻¹-қа артқан сайын иірім жіптің біртегіссіздігі U% аз мәнде артты, ақаулар үздіксіз көбейді, беріктігі 16,8 сН/текс-тен 16,0 сН/текс-ке төмендеді, түктілігі аз деңгейде 4,2%-дан 4,8%-ға жоғарылады, иірімжіптің ұзаруы 5,42%-дан 5,25%-ға төмендеді.

3 КАРДТЫ ТАРАУ МАШИНАСЫНЫҢ ОҢТАЙЛЫ ЖЫЛДАМДЫҚ РЕЖИМДЕРІН АНЫҚТАУ

3.1 Таспа сапасының кардты тарау машинасының жылдамдық режимдеріне тәуелділігін анықтау

Зерттеулер көрсеткендей, технологиялық модернизация және кардты тарау машинасының жеке құрамдас бөліктерін жетілдіру жетілдірілген конструкцияларды жасауға мүмкіндік береді [96]. Жоғары өнімді жабдықты өндіру сапасы ерекше маңызды. Кардты тарау машинасында негізгі барабан талшықтарды жабысқақ бөлшектерден тазартады және бөліп алады, ал қабылдағыш барабан бөтен заттарды, соның ішінде қабыршықтар мен басқа да ластаушы заттарды жояды.

Кардты тарау процесінің және талшықты басқарудың жалпы тиімділігі негізгі жұмыс элементтерінің — қабылдау, негізгі барабандар және қалпақшалардың, сондай-ақ машинаның оңтайлы параметрлерінің күйімен анықталады. Қабылдау және негізгі барабандардың айналу жылдамдығы машинаға түсетін талшықтарды бөлуге қажетті динамикалық күштерді тудырады [155]. Кардты тарау процесі үш негізгі жұмыс аймағында жүреді: қабылдау барабан аймағында, негізгі барабан мен қалпақшалар арасындағы аймақ және шығару барабан аймағында (33 сурет) [156-159].



33 сурет -Қалпақшалы тарау машинасының технологиялық сызбасы.

Жоғары өнімділікті кардты тарау машиналары жабдықты дәл реттеуге, берілістерді синхрондауға және талшықты өңдеу мен тазалауды оңтайландыруға қатысты мәселелерді шешеді. Мақсаты — талшық шоғырларын жеке, параллель бағытталған талшықтарға бөліп, олардан қоспалар мен ақауларды жою. Тожимирзаев және т.б. мәліметтері бойынша негізгі барабанның жылдамдығын қабылдау құрылғысының жылдамдығынан асырып жіберу талшықтың зақымдалуына немесе үзілуіне әкеліп соқтырады,

бұл алынатын иірімжіптің физика-механикалық қасиеттеріне кері әсер етеді [160]. Сонымен қатар негізгі барабанның айналу жылдамдығын арттыру машинаға берілетін және машинадан шығарылатын талшықты материалдың көлемін ұлғайтады, өнімділіктің жоғарылауына әкеледі [110]. Осылайша, барабанның негізгі жылдамдығын оңтайлы таңдау процестің қарқындылығын анықтайтын және иірімжіптің қасиеттерін жақсартатын негізгі фактор болып табылады.

Қабылдау құрылғысының жылдамдығын арттыру оның гарнитурасының талшықтарға әсерін арттырады. Талшықтың зақымдануы мен үзілуі, өз кезегінде, материал құрамында қысқа талшықтар құрамының жоғарылауына және штапельдің орташа ұзындығының төмендеуіне әкеледі. Бұл параметрлердің нашарлауы иірімжіптің сапасына тікелей әсер ететіні белгілі [62]. Сонымен қатар, талшықтармен үнемі әрекеттесетін қалпақшалардың жылдамдығын арттыру өңдеу циклдерінің санын арттырады. Бұл өңделген материалдағы перстердің санын азайтуға көмектеседі [68]. Кардты тарау қондырғысының тиімділігі мен өнімділігін бағалау келесі негізгі жұмыс көрсеткіштерін талдауды қамтиды:

- дайын өнімнің бір граммындағы ақаулар мен түйіндер санымен анықталатын кардты тарау таспасының ластылығы.
- біртегіссіздігінің өзгеру коэффициентімен (CV%) өлшенетін кардты тарау таспасының сызықтық тығыздығы және біртегіссіздігі;
- таспадағы талшықты бағдарлау (түзету) дәрежесі.
- қалпақшаларда және барабан астында түзілетін технологиялық қалдықтардың мөлшері.

Сонымен қатар, қосымша жұмыс процесін бағалау кезінде кардты тарау таспасындағы талшықтардың ұзындығы және қалдықтардағы талшықтың құрамы талданады. Таспаның ластылығын, біртегіссіздігін және үзілгіштігін және т.б. қоса алғандағы құрылымдық сипаттамалары өндірістің кейінгі кезеңдерінде иірімжіптің физика-механикалық қасиеттеріне тікелей әсер етеді [69]. Тарау таспасының қоқыстығы – тарау тиімділігін сипаттайтын негізгі параметрлердің бірі. Өнімділігі жоғары кардты тарауда кардты тарау машинасының негізгі жұмыс бөліктерінің — қабылдау құрылғысының, негізгі барабанның және қалпақшаның айналу жылдамдығын реттеу қоқыстану мәселелерін шешу тұрғысынан алғанда, алынатын таспаның сапасына айтарлықтай әсер етеді [161]. Тарау таспасының сапасы тарау машинасының дұрыс жұмыс істеуімен және барабандардағы тартпалардың тұрақтылығымен анықталады. Машина неғұрлым жетілдірілген болса, тартпалар соғұрлым тұрақты болады және тарау таспасындағы талшықты бағдарлау соғұрлым жақсы болады. Тартпаны мезгіл-мезгіл ауыстырып отыру тарау таспасындағы талшықтың жақсырақ бағдарлануын қамтамасыз етеді және оның созылу беріктігін арттырады [162,146]. Кардты тарау машинасының технологиялық параметрлерін оңтайландыру әртүрлі факторларға байланысты, сондықтан оңтайлы өнімділікке қол жеткізу үшін көптеген тәжірибелер жасау қажет. Негізгі

барабанның, қалпақшаның және тарау машинасының қабылдау бөлігінің айналу жылдамдығы қажетті нәтижелерге қол жеткізу үшін маңызды айнаымалылар болып табылады [163]. Кардты тарау машинасының оңтайлы технологиялық параметрлерін орнату иірімжіп өндіру кезінде талшық қалдықтарын азайтады, оның қызмет ету мерзімін ұзартады және бәсекеге қабілетті дайын өнімдерді өндіруге мүмкіндік береді.

Бұл зерттеудің мақсаты ашық типті иіру желісінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылатын тарау машинасының қабылдау барабанының, негізгі барабанының және қалпақшаның оңтайлы жылдамдық параметрлерін анықтау болды. Оңтайлы нәтижелерге қол жеткізу үшін жылдамдықтың бірнеше параметрлері орнатылды және олардың тегіссіздігіне, түйіннің мазмұнына, қысқа талшық құрамына, ұзын талшықтардың орташа ұзындығына және кардты таспадағы қоқыс-қоспа құрамына әсерлері салыстырылды. Сонымен қатар, визуалды бағалау үшін алынған кардты таспаның микроскопиялық талдауы жүргізілді.

Эксперименттік жұмыс «Azala Textile» ЖШС кәсіпорнында жүргізілді. Тәжірибеде Қазақстанның оңтүстігінде өсірілетін «Мақтаарал-4007» селекциясының I-II сортты 4-ші типті орташа талшықты шитті мақта қолданылды. Мақта талшығы TC-15 модельді кардты тарау машинасында өңделді. Кардты тарау машинасының негізгі жұмысшы органдарының әртүрлі жылдамдық режимдері бар үш нұсқасы 2.19-шы кестеде берілген. Кардты таспа SAURER® фирмасының AUTOCORO-9 пневмомеханикалық иіру машинасында иірімжіп өндеуге дайындалған [76].

Кесте 3.1 - Үш нұсқадағы тарау машинасының жылдамдық параметрлері


№	Процесс атауы	Нұсқа 1	Нұсқа 2	Нұсқа 3
1	Қалпақша жылдамдығы, мм/мин	360	320	280
2	Негізгі барабан жылдамдығы, мин ⁻¹	560	520	480
3	Қабылдау барабан жылдамдығы, мин ⁻¹	1360	1260	1100

Сызықтық тығыздығы 5,9 ктекс кардты таспаның алынған үлгілері USTER TESTER-5, USTER AFIS PRO-2 және HVI зертханалық жабдықтарында сыналды [20]. Сынақ нәтижелері ISO 2062:2009(E) [164], ISO 2060: 1994(E) [165] талаптарына сәйкес алынды. Сонымен қатар, кардты таспалар 10 есе үлкейту кезінде жарық микроскопында (Mikromet) зерттелді. Үш нұсқа үшін кардты таспаның зерттелген қасиеттері 2 және 3 кестелерде берілген.


3.2-ші кестедегі нәтижелерге сүйене отырып, екінші нұсқаны қолдану арқылы алынған кардты таспа қалған екі нұсқамен алынғанға қарағанда тегіс

деген қорытынды жасауға болады. Үшінші нұсқаны қолдану арқылы алынған кардты таспаның сапасы бірінші және екінші нұсқамен алынғаннан төмен. Бұл басқа екі нұсқамен салыстырғанда кардты тарау машинасының қабылдағыш барабанның, негізгі барабанның және қалпақшалардың жылдамдығының төмен болуына байланысты. Бұл талшықтар жеткіліксіз бөлінетін қабылдау барабанынан бастап, талшықтарды қарқынды кардты тарауға кедергі келтіреді. Дөрекі және одан да көп ластанған мақта талшықтарын тараған кезде қабылдау барабанның жылдамдығын және тиісінше тарау қарқындылығын арттыру ұсынылады.

3.3-кестеде 2-ші нұсқаның кардты таспадағы талшықтардың 1 және 3-нұсқаларға қарағанда сапасы жоғары екенін көреміз. Бұл келесімен түсіндіріледі: 1-ші нұсқадағы тарау жылдамдығы жоғары, бұл талшықтың үзілуіне және қысқа талшықтар құрамының (SFC) ұлғаюына әкелуі мүмкін, ал 3-ші нұсқадағы тарау жылдамдығы 1-ші және 2-ші нұсқалардан төмен, бұл тарау қарқындылығы мен қоқыстық массаны жоюды төмендетеді. 34-суретте 3.1 кестеде сипатталған үш нұсқаны пайдалану арқылы алынған кардты таспалардың микроскопиялық фотосуреттері көрсетілген. Визуалды бақылауларға сәйкес, 2-ші нұсқаның параметрлерін қолдану арқылы алынған кардты таспадағы талшықтар 1-ші және 3-ші нұсқалармен салыстырғанда бір-біріне көбірек параллельді болып табылды. Зерттеу нәтижелерін неғұрлым түбегейлі талдау үшін тәжірибелік деректер бағанды диаграммалар арқылы салыстырылды. 35-ші суретте көрсетілгендей қабылдау барабанының, негізгі барабанның және тегіс тарақтардың жылдамдықтары сәйкесінше 1100 мин^{-1} , 480 мин^{-1} және 280 мм/мин болғандағы 3-ші нұсқадағы кардты таспаның біртегіссіздігі басқа екі нұсқамен салыстырғанда нашар екені көрсетілген. Бұл қабылдау барабанның төменгі жылдамдығында талшықтардың бір-бірінен ажырау дәрежесінің аз болуымен және баяу жылдамдықпен қозғалатын негізгі барабан мен жалпақ тарақтардың әсерінен талшықтардың бір-біріне параллельділігінің төмендеуімен түсіндіруге болады.



(a)



(b)



(c)


34 сурет - Үш нұсқада алынған кардты таспалардың микроскопиялық фотосуреттері; (a) 1-ші нұсқа, (b) 2-ші нұсқа және (c) 3-ші нұсқа

Кесте 3.2 - USTER көрсеткіші бойынша 3 нұсқадағы картты таспаның қасиеттері

Нұсқа	U, %	CV, %	CV 1m %	CV 3m %	mMin 1m %	mMax 1m %	mMin 3m %	mMax 3m %
1	1,58	2,04	0,56	0,39	-1,22	1,35	-0,63	0,72
2	1,55	1,98	0,54	0,7	-1,19	1,41	-0,65	0,66
3	1,64	2,08	0,57	0,37	-1,22	1,33	-0,70	0,65

Кесте 3.3 - AFIS құралында анықталған таспадағы талшықтардың қасиеттері

Нұсқа	Tot Nerp Cnt Neps саны [cnt/g]	SC Nerp Cnt шиттің қабығы бар перстер саны [cnt/g]	SFC(w) % <12,7 Қысқа талшықтар [mm]	Mat Пісіп жетілуі [mat1]	Fine Сызықтық тығыздығы [mteks]	UQL(w) Орташа жоғары ұзындық [mm]	Trash Cnt Қоқыс қоспалар [Cnt/g]
1 нұсқа	124	9	10,8	0,89	166,0	29,4	5
2 нұсқа	94	15	8,4	0,91	167,0	29,7	1
3 нұсқа	95	9	8,3	0,90	167,0	30,2	3



35 сурет - Картты таспаның біртегіссіздігінің (U%) тарау машинасының жылдамдық режимдеріне тәуелділігі.

Сондықтан, картты таспада параллель талшықтардың көбірек болуын және біртегіссіздігін жақсарту үшін қабылдау барабанының, негізгі


барабанның және қалпақшалардың жылдамдығын оңтайлы деңгейге дейін арттыру керек.

36-суретте қабылдау барабанның, негізгі барабанның және қалпақшалардың әртүрлі жылдамдықтарында алынған кардты таспадағы түйіндердің мазмұны көрсетілген.


Графикте төменгі тарау жылдамдығымен жұмыс істейтін басқа екі нұсқалармен салыстырғанда 1-ші нұсқада түйіндер (pers) саны көп екені анық көрсетілген. Кардты тарау иіру жүйесінде талшықтардағы қоспалар мен ақауларды жою процесінің соңғы сатысы болып саналғанымен, қоспалар мен ақаулардың 30%-ы кардтық таспада қалады. Жоғары қабылдау жылдамдығы талшықтардың бөлінуін жақсартатыны белгілі; дегенмен, кардты тарау процесстерінің жоғары жылдамдықтарында қалпақшалардың жылдамдығы кардты таспада перстердің ұлғаюына әкеледі.

Кардты тарау машинасының осы функционалды сегменттері төменгі жылдамдықпен жұмыс істегенде перстердің саны азаяды.

Сондықтан кардты тарау машинасының жылдамдық режимдерін оңтайландыру зерттеушілердің назарын аударуды жалғастыруда. 37-суретте 1-ші нұсқаның параметрлерін пайдалана отырып, кардты тарау машинасында алынған таспада қысқа талшықтар мөлшерінің ұлғаюы 1-ші нұсқамен салыстырғанда 2-ші және 3-ші нұсқалардағы машина жылдамдығының салыстырмалы түрде төмен болуымен түсіндіріледі.




36 сурет - Кардты таспадағы перс санының тарау машинасының жылдамдық режимдеріне тәуелділігі.




37 сурет - Кардты таспадағы қысқа талшықтар санының SFC(w) % <12,7 мм тарау машинасының жылдамдық режимдеріне тәуелділігі.

Бұл жағдайдың мағынасы бар, өйткені талшықтар ашу және тазалау кезінде қабылдау құрылғысы мен негізгі барабан гарнитуралары тарапынан күшті соққыларға ұшырайды, бұл талшықтың үзілуіне және талшықтың орташа ұзындығының төмендеуіне әкеледі.

38-суретте кардты таспадағы талшықтардың орташа жоғары ұзындығы (UQL) мен тарау машинасының жылдамдығының параметрлері арасындағы байланыс көрсетілген. 3-ші нұсқада талшықтардың орташа жоғары ұзындығы (UQL) 30,2 мм, ал 1-ші және 2-ші нұсқалары үшін сәйкесінше 29,4 мм және 29,7 мм болды. Бұл 1-ші және 2-ші нұсқалармен салыстырғанда жұмысшы органдарының жылдамдықтары төмен болатын 3-ші нұсқада талшықтардың үзілуі сирек болатындығымен түсіндіріледі. Сондықтан тарау процесінде талшықтардың үзілуін азайту үшін жұмысшы органдарының жылдамдығын оңтайландыру қажет.



38 сурет - Кардты таспадағы талшықтардың орташа жоғары ұзындығының (UQL) тарау машинасының жылдамдық режимдеріне тәуелділігі



39 сурет - Кардты таспадағы қоқыс қоспалардың тарау машинасының жылдамдық режимдеріне тәуелділігі.

39-суреттегі бағаналы диаграммадан көрініп тұрғандай, қабылдау барабанының алдын ала тарау жылдамдығының жоғарылауы талшықтың қарқынды бөлінуіне және барабан гарнитураларының соққылау әсеріненің нәтижесінде қоқыс қоспалар ұсақталады (микрон өлшемді) және оның таспадағы саны артады. Қалпақшалардың жоғары жылдамдығы кезінде де қоқыс қоспаларды толық жоюға қол жеткізілмейді. Қоқыс қоспаларды тиімді жоюға екінші нұсқаны қолдану арқылы қол жеткізіледі. Сондықтан, тиімді тазалауға қол жеткізу үшін, кардты таспаның оңтайлы сапалық қасиеттерін сақтау үшін тарау машинасының жұмыс жылдамдығын оңтайландыру қажет.

Иірімжіптің сапасы берік және тартымды, сұранысқа ие матаны өндірудің маңызды факторы болып табылады. Иірімжіптің созылғыштығы, ұзаруы, біртегіссіздігі иіру процесінде бақылауға болатын маңызды қасиеттерінің бірі болып табылады. Кардты тарау машинасының оңтайлы параметрлері ең жақсы сапалы таспа мен иірімжіпті өндіру үшін өте маңызды. Жоғары сапалы кардты таспаны өндіру бойынша жүргізілген заманауи зерттеулер тарау машинасына жылдамдықтың оңтайлы параметрлерін орнату маңызды екенін көрсетті.

Біз, жүргізген эксперименттер нәтижесі бойынша қабылдау бөлігінің, негізгі барабанның және қалпақшалардың жылдамдықтарын 2-ші нұсқаға сәйкес реттеуді ұсынамыз. Сондықтан, кардты тарау машинасының жұмысшы органдары жылдамдықтарының оңтайлы параметрлері: қабылдау жылдамдығы 1260 мин^{-1} , негізгі барабанның жылдамдығы 520 мин^{-1} , ал қалпақшалар жылдамдығы 320 мм/мин . Бұл жылдамдықтарда кардты таспадағы тегіссіздіктің, перстердің және қысқа талшықтың мөлшері азаяды, сонымен бірге кардты таспадан қоқыс қоспалардың жойылуы артады. Бұл қысқартылған иіру жүйесінде жоғары сапалы иірімжіптерді өндіру үшін кардты таспаны тікелей пайдалануға мүмкіндік береді [166]. Біздің зерттеу

барысында жасаған қорытындылар мен ұсыныстар осы саладағы болашақ зерттеулерге септігін тигізеді деп сенеміз.

3.2 Тарау машинасының оңтайлы жылдамдық режимдерін теориялық негіздеу

Тарау машинасының параметрлерінің оңтайлылығын қамтамасыз ету көптеген факторларға байланысты, ал олардың мәндерін анықтау көптеген тәжірибелерді қажет етеді. Тәжірибелерді жоспарлаудың математикалық әдістерін қолдану, зерттеудің дәстүрлі есептеу әдістерінен айырмашылығы бірнеше әсер етуші факторлардың өзара әрекеттесуінің пропорцияларын анықтау, есеп оңай және қысқа мерзімде үлкен дәлдікпен шешіледі. Нәтижесінде салыстырмалы түрде аз сынақ санымен зерттелетін объектінің математикалық моделін алуға болады. Бұл модель бір уақытта оңтайлы шешімдерді алуға қызмет етеді.

Оңтайландырудағы негізгі мәселе – тарау машинасының жұмыс аймақтарының жұмысына әсер ететін маңызды факторларды анықтау. Тарау машинаның жұмыс аймақтарының параметрлерін оңтайландыру иірім жіп өндірісінде бөлінетін талшықтың қалдықтарын қалыпты ұстауға, машинаның жұмыс бөліктерінің қызмет ету мерзімін ұзартуға және дайын өнімнің сапа көрсеткіштерін жақсартуға қызмет етеді. Осыны ескере отырып, тарау машинасының жұмысын оңтайландыру мәселесі көтерілді.

Қазіргі уақытта иірімжіп өндірісінде жіптің салыстырмалы беріктігі (R_{km}) көрсеткіші жіптің сапалық көрсеткіштерін төмендететін негізгі фактор болып табылады және ол жіптің әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігіне кері әсерін тигізеді.

Өндіріс процесінде иірім жіптің сапасы шикізат талшықтары шаңнан және бөгде қоқыс қоспалардан жеткілікті түрде тазаланып, бір-бірінен толығымен ажырап, талшықтар бір-бірімен параллельденуі қажет. Талшықтардың бағыты бүкіл иіру процесіне әсер етеді. Бұл жұмыстардың өнімділігі негізінен кардты тарау процесіне байланысты артады.

Біздің зерттеуімізде ұсынылған нәтижелерге сүйене отырып, эксперименттер жүргізілді. Тәжірибелерді математикалық жоспарлау негізінде эксперимент жүргізу үшін стандартты әдістер [167,168] қолданылды.

3.2.1 Жылдамдық режимдерін оңтайландырудың математикалық моделі

Диссертациялық жұмыста тарау машинасының жұмыс аймақтары бойынша алдыңғы бөлімдердегі теориялық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдау нәтижелерін ескере отырып және алдын ала бір факторлы эксперименттерде оңтайландыру параметрлеріне әсер ететін факторлар ретінде келесі факторлар тандалды:

X_1 - қабылдау барабанының айналу жылдамдығы, мин⁻¹;

X_2 – бас барабанның жылдамдығы, мин⁻¹;

X_3 – қалпақтардың қозғалу жылдамдығы, мм/мин.

Зерттелетін факторлардың деңгейлері мен диапазондарын таңдау 3.4-кестеде көрсетілген.

Зерттелетін факторлардың өзгеру деңгейлері мен интервалдарын таңдау.

Кесте 3.4 – Факторлардың өзгеру деңгейлері мен интервалдары

Факторлардың атауы және белгіленуі	Өзгеріс деңгейлері			Өзгеріс интервалы
	-1	0	+1	
x_1 -Қабылдау барабан, айн/мин	280	320	360	40
x_2 -Негізгі барабан, айн/мин	480	520	560	40
x_3 -Қалпақ қозғалысы, мм/мин	1100	1260	1420	160

Толық факторлық зерттеу нәтижелерін өңдеу, зерттеліп отырған процесс жоғары ретті сызықтық теңдеумен сипатталатынын көрсетті. Сондықтан, екінші ретті регрессиялық математикалық модельді алу үшін орталық композиттік емес эксперимент таңдалды. Ол басқа әдістерге қарағанда біршама қарапайым, ыңғайлы және де тоқыма өнеркәсібіндегі технологиялық процестерді зерттеуде кеңінен қолданылады. Тәжірибелер оның матрицасын пайдаланып жүргізілді.

Орталық композиттік емес эксперимент матрицасы мен тәжірибелердің нәтижелері 3.5 кестеде келтірілген.

Регрессия коэффициенттерін анықтау үшін математикалық модельдің сәйкестігін тексеруде Стюдент және Фишер критерийлері пайдаланылды. Шығыс факторлары ретінде Y_1 - кардты таспаның біртегіссіздігі (%), Y_2 - иірімжіптің салыстырмалы беріктігі (R_{km}) таңдалды.

Кесте 3.5 – Орталық композиттік емес эксперимент матрицасы

№	Факторлар			x_1x_2	x_1x_3	x_2x_3	x_1^2	x_2^2	x_3^2	Y_1	Y_2	$S_u^2(Y_1)$	$S_u^2(Y_2)$
	x_1	x_2	x_3										
1	1	1	0	1	0	0	1	1	0	2,01	14,6	0,01	0,01
2	1	-1	0	-1	0	0	1	1	0	2,03	15,1	0,03	0,03
3	-1	1	0	-1	0	0	1	1	0	2,03	14,8	0,15	0,15
4	-1	-1	0	1	0	0	1	1	0	2,13	13,9	0,11	0,11
5	1	0	1	0	1	0	1	0	1	2	14,9	0,09	0,09
6	1	0	-1	0	-1	0	1	0	1	2,06	14,1	0,12	0,12

7	-1	0	1	0	-1	0	1	0	1	2,03	14,2	0,32	0,32
8	-1	0	-1	0	1	0	1	0	1	2,11	13,9	0,14	0,14
9	0	1	1	0	0	1	0	1	1	2,04	15,1	0,09	0,09
10	0	1	-1	0	0	-1	0	1	1	2,03	14,5	0,08	0,08
11	0	-1	1	0	0	-1	0	1	1	2,03	14,1	0,15	0,15
12	0	-1	-1	0	0	1	0	1	1	2,12	13,9	0,14	0,14
13	0	0	0	0	0	0	0	0	0	1,97	15,8	0,001	0,05
14	0	0	0	0	0	0	0	0	0	1,98	15,9	0,001	0,04
15	0	0	0	0	0	0	0	0	0	1,98	15,9	0,0012	0,01
Матрицада (+), (-) және 0 мәндері бар													

Эксперимент нәтижелері бойынша екінші ретті регрессиялық көп факторлы математикалық модельді іздейміз. Осы эксперименттің нәтижесінде келесі жалпы формадағы регрессия моделін аламыз:

$$Y_R = b_0 + \sum_{i=1}^M b_i x_i + \sum_{\substack{i=j=1 \\ j \neq 1}}^n b_{ij} x_i x_j + \sum_{i=1}^M b_{ii} x_i^2 \quad (3.1)$$

Экспериментімізге үш фактор қатысқандықтан, жоғарыдағы өрнек келесі пішінде аланды:

$$Y_R = b_0 + b_1 x_1 + b_2 x_2 + b_3 x_3 + b_{12} x_1 x_2 + b_{13} x_1 x_3 + b_{23} x_2 x_3 + b_{11} x_1^2 + b_{22} x_2^2 + b_{33} x_3^2 \quad (3.2)$$

Мұнда: $b_0 \dots b_1 \dots$ – регрессия коэффициенттері,
 x_1, x_2, x_3 – факторлардың кодталған мәні.

Y_1 – картты таспаның біртегіссіздігін оңтайландыру үшін үлгілерді есептеу және регрессия коэффициенттерін анықтау:

$$b_0 = \frac{1}{N_s} \sum_{u=1}^{N_s} \bar{Y}_u = \frac{1}{3} (1,97 + 1,98 + 1,98) = 1,98$$

$$b_{ii} = g_5 \sum_{u=1}^N x_{iu}^2 \bar{Y}_u + g_6 \sum_{i=1}^M \sum_{u=1}^N x_{iu}^2 \bar{Y}_u - g_2 \sum_{u=1}^N \bar{Y}_u \quad (3.3)$$

Анықталған регрессия коэффициенттерін ескере отырып, тендеу келесідей жазылды:

$$Y_{R1} = 1,98 - 0,03x_1 - 0,03x_2 - 0,03x_3 + 0,02x_1x_2 + 0,01x_1x_3 + 0,03x_2x_3 + 0,06x_1^2 + 0,06x_2^2 + 0,06x_3^2 \quad (3.4)$$

Y_2 – иірімжіптің салыстырмалы беріктігі (Rkm) оңтайландыру модельдерін есептеу және регрессия коэффициенттерін анықтау үшін қолданылды:

$$b_0 = \frac{1}{N_s} \sum_{u=1}^{N_s} \bar{Y}_u = \frac{1}{3} (15,8 + 15,9 + 15,9) = 15,87$$

$$b_{ii} = g_5 \sum_{u=1}^N x_{iu}^2 \bar{Y}_u + g_6 \sum_{i=1}^M \sum_{u=1}^N x_{iu}^2 \bar{Y}_u - g_2 \sum_{u=1}^N \bar{Y}_u \quad (3.5)$$

Теңдеу иірімжіптің анықталған салыстырмалы беріктігіне (Rkm) регрессия коэффициенттерін ескере отырып жазылды:

$$Y_{R2} = 15,87 + 0,24x_1 + 0,25x_2 + 0,24x_3 - 0,35x_1x_2 + 0,13x_1x_3 + 0,1x_2x_3 - 0,56x_1^2 - 0,5x_2^2 - 0,66x_3^2 \quad (3.6)$$

Y_1 - кардты таспаның біртегіссіздігін (%) оңтайландыру үшін регрессия коэффициенттерінің маңыздылығын анықтау, бұл үшін шығыс параметрінің дисперсиясы анықталады және осы негізде регрессия коэффициенттерін анықтаудағы дисперсия есептелді:

$$S^2\{Y\} = S_m^2\{Y\} = \frac{1}{N_s - 1} \sum_{u=1}^{N_s} S^2\{\bar{Y}\} \quad (3.7)$$

$$S^2\{\bar{Y}\} = \frac{1}{3 - 1} \cdot 0,0032 = 0,0016$$

Стьюдент критерийінің мәні:

$$t_j[P_D = 0,95; f\{S_s^2\} = 3 - 1 = 2] = 2,77$$

Белгілі болғандай, критерийдің есептелген мәні кестелік мәннен кіші болса, онда ол коэффициент маңызды емес және ол теңдеуден алынып тасталады. Зерттеу барысында b_{13} , b_{22} зерттелетін параметрлер үшін коэффициенттің маңызды емес екені анықталды:

Маңызды коэффициенттермен кардты таспаның біртегіссіздігінің теңдеуі қайта жазылды:

$$Y_{R1} = 1,98 - 0,03x_1 - 0,03x_2 - 0,03x_3 + 0,06x_1^2 + 0,06x_2^2 + 0,06x_3^2 \quad (3.8)$$

Y_2 - иірімжіптің салыстырмалы беріктігін (Rkm) оңтайландыру үшін регрессия коэффициенттерінің маңыздылығын анықтау қажет, бұл үшін шығыс параметрінің дисперсиясы анықталады және осы негізде регрессия коэффициенттерін анықтаудағы дисперсия есептеледі:

$$S^2\{\bar{Y}\} = \frac{1}{3-1} \cdot 0,1 = 0,05$$

Стьюдент критерийінің мәні:

$$t_j[P_D = 0,95; f\{S_s^2\} = 3 - 1 = 2] = 2,77$$

Белгілі болғандай, критерийдің есептелген мәні кестелік мәннен кіші болса, онда ол коэффициент маңызды емес және ол теңдеуден алынып тасталады. Зерттеу барысында b_{13} , b_{22} коэффициенттері зерттелетін параметрлер үшін маңызды емес екені анықталды:

Маңызды коэффициенттері бар иірімжіптің салыстырмалы беріктігінің теңдеуі қайта жазылды:

$$Y_{R2} = 15,87 + 0,24x_1 + 0,25x_2 + 0,24x_3 - 0,35x_1x_2 - 0,56x_1^2 - 0,5x_2^2 - 0,66x_3^2 \quad (3.9)$$

Y_1 – кардты таспаның біртегіссіздігі бойынша регрессия коэффициенттерінің маңызын және Y_2 – иірімжіптің салыстырмалы беріктігін анықтау үшін теңдеулердің сәйкестігін тексеру Фишер критерийі арқылы орындалады. Фишер критерийінің есептік мәні анықталды. Оңтайландырылған Y_1 коэффициентінің есептік мәні кестенің барлық бағандарының кодталған мәндерін 3.8 теңдеуінің матрицасына (–1, 0 және +1) қою арқылы есептеледі. Мәндер баған бойынша емес, қатар бойынша қабылданды.

Жоғарыда айтылған регрессияның математикалық моделінің сәйкестігін тексеру үшін Фишер критерийінің есептелген мәнін пайдалана отырып анықтаймыз.

$$F_R = \frac{S_{nad}^2\{Y\}}{S^2\{\bar{Y}\}} \quad (3.10)$$

Адекватты дисперсия үшін теңдеуде кодталған мәндерді есептеу нәтижелері Д қосымшасында келтірілген.

Белгілі болғандай, критерийдің есептелген мәні кестелік мәннен кіші болса, онда ол коэффициент адекватты және есептеулердің дұрыс жүргізілгенін дәлелдейді.

$$F_j \left[P_D = 0,95; f \left\{ S_{nad}^2\{Y\} \right\} = 15 - 7 - (3 - 1) = 6; f \{ S_u^2 \} = 3 - 1 = 2 \right] = 19,4$$

$$F_{R1} = 6,25 < 19,33 = F_j$$



$$F_{R2} = 7,00 < 19,4 = F_j$$

Сондықтан алынған регрессиялық математикалық модельдер зерттелетін процесті жеткілікті дәлдікпен көрсетеді.



3.2.2 Оңтайландыру шешімдері мен қорытындылары

Зерттеудің шығыс параметрінің сипаттамаларын анықтау үшін құрылған тендеу үш өлшемді болғандықтан, талдаудағы кіріс факторларының бірі $X_i = 0$ (орталық шарт) деп қабылданды және модельдерді үш деңгейге түрлендіру арқылы екі өлшемді графиктерді (40, 41 суреттер) тұрғызамыз. Графиктер NamMTI институтының (Өзбекстан Республикасы) ақпараттық технологиялар орталығында Maple5 бағдарламасы арқылы есептеу модельдері негізінде алынды.



$$Y_{R1} = 1,98 - 0,03x_1 - 0,03x_2 - 0,03x_3 + 0,06x_1^2 + 0,06x_2^2 + 0,06x_3^2$$



40.a - сурет.





40.b - сурет.





40.c - сурет.

40 сурет - Тарау машинасының технологиялық параметрлерін оңтайландыру үлгісінің графигі, кардты таспаның біртегіссіздігі (%).



$$Y_{R2} = 15,87 + 0,24x_1 + 0,25x_2 + 0,24x_3 - 0,35x_1x_2 - 0,56x_1^2 - 0,5x_2^2 - 0,66x_3^2$$



41.а-сурет.



41.b - сурет.



41.c - сурет.

41 сурет - Тарау машинасының технологиялық параметрлерін оңтайландыру үлгісінің графигі, иірімжіптің салыстырмалы беріктігі (Rkm)

Беттік ауытқу изосызықтары кардты таспаның біртегіссіздігі (%) және иірімжіптің салыстырмалы беріктігінің (Rkm) сапа көрсеткіштерін тарау машинасындағы қабылдау барабанының, бас барабанның және қалпақтардың жылдамдықтарының өзгеру аймағында сипаттайды.

Қабылдау барабанының жылдамдығы артқан сайын барабан бетіне оралған өрескел ара тісті берілістің талшықтарға әсері де артады. Талшықтың үзілуі немесе зақымдануы, өз кезегінде, талшықты өнімдердегі қысқа талшықтар мөлшерінің артуына әкеледі. Сондықтан талшықтың штапельдік ұзындығы да қысқарады. Талшықтың үзілуі мен зақымдалуы, талшықтың ұзындығының қысқаруы жіптің қасиеттеріне тікелей әсер етеді [169].

Қалпақша қозғалысының жылдамдығы жоғарылағанда, талшық өнімін өңдеуге арналған қалпақ саны талшықтармен көбірек әрекеттеседі және олар нестердің төмендеуіне әкеледі. Сондай-ақ, қалпақшаның қозғалыс жылдамдығының жоғарылауына байланысты ол қалпақшаны тазалау білігімен өзара әрекеттеседі, қалпақтардың тазалығын қамтамасыз етеді және тарау тиімділігін арттырады. Қалпақ жылдамдығы артқан сайын несп пен қысқа талшықтардың (SFC) пайызы азаяды, талшықтардың туралануы артады, жіптің біртегіссіздігі азаяды. Сондай-ақ қалпақтың қозғалу жылдамдығына қарамастан, жіп жіңішкерген сайын оның біртегіссіздігі арта түсетінін атап өткен жөн [131].

Тарау машинасының бас барабанының жоғары жылдамдығы иірім жіптің жалпы ақауларын азайтады (қалың аумақтардың, жіңішке учаскелердің және түйіндердің қосындысы-IP1).

Математикалық модель негізінде тарау машинасының технологиялық параметрлерін теориялық зерттеу барысында Y_1 – кардты таспаның біртегіссіздігі (%) және тәжірибе нәтижелеріне негізделген Y_2 - иірімжіптің салыстырмалы беріктігінің (R_{km}) параметрлерін көрсететін теңдеулер жасалды.

Теңдеулердің сәйкестігі F-тестімен (Фишер тесті) расталды. Бұл құрастырылған математикалық модельдер зерттелетін процесті жеткілікті дәлдікпен көрсетеді дегенді білдіреді.

Екі параметр үшін де құрастырылған модельдерде кіріс параметрлерінің бірі орталық күй болып есептелді және талдау екі өлшемді графиктер арқылы жүргізілді.

Графиктерден көрініп тұрғандай, кардты таспаның біртегіссіздігі (%) және иірімжіптің салыстырмалы беріктігінің (R_{km}) сапа көрсеткіштері зерттелетін факторлардың келесі көрсеткіштері бойынша қол жеткізіледі:

Барабаның айналу жиілігі – 520, мин⁻¹;

Қалпақшалардың қозғалыс жылдамдығы – 320, мм/мин;

Қабылдау барабанының айналу жиілігі -1260, мин⁻¹.

Изосызықтарды талдаудан мынадай қорытынды жасауға болады. Бас барабанның айналу жылдамдығы мен қалпақтардың жылдамдығы артқан сайын таспаның біртегіссіздік көрсеткіші төмендейді және иірімжіптің салыстырмалы беріктігі артады. Айта кету керек, бас барабанның айналу жылдамдығы минималды, ал қалпақтардың қозғалыс жылдамдығы төмен болған кезде жіптің күтілетін сапа көрсеткіштерінің нәтижелеріне қол жеткізу мүмкін емес.

Тарау машинасының негізгі барабанының және қалпақтарының жылдамдығы қабылдау барабанының жылдамдығына көбірек әсер ететінін атап өткен жөн.

Үшінші бөлім бойынша қорытындылар

1. Кардты тарау машинасының оңтайлы параметрлері ең жақсы сапалы таспа мен иірімжіпті өндіру үшін өте маңызды. Жоғары сапалы иірімжіпті өндіру бойынша жүргізілген заманауи зерттеулер тарау машинасына жылдамдықтың оңтайлы параметрлерін орнату маңызды екенін көрсетті.

2. Кардты тарау машинасының оңтайлы жылдамдық режимдерін анықтау барысында кардты тарау машинасының жұмысшы органдары жылдамдықтарының оңтайлы параметрлері ретінде: қабылдау барабанының жылдамдығы 1260 мин^{-1} , негізгі барабанның жылдамдығы 520 мин^{-1} , ал қалпақшалар жылдамдығы 320 мм/мин ұсынылды.

3. Өңдеу параметрлерінің өңделетін шикізат қасиеттерінің өзгеруіне әсерін, тарау машиналарының өнімділігін арттыра отырып, өңделетін тарақтың сапасына әсер ететін факторларды бағалауға мүмкіндік беретін математикалық тәуелділіктер алынды. Алынған регрессиялық математикалық модельдер зерттелген процесті жеткілікті дәлдікпен көрсетеді.

4. Математикалық модель негізінде тарау машинасының технологиялық параметрлерін теориялық зерттеу барысында Y_1 – кардты таспаның біртегіссіздігі (%) және тәжірибе нәтижелеріне негізделген Y_2 - иірімжіптің салыстырмалы беріктігінің (Rkm) параметрлерін көрсететін теңдеулер жасалды.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Ғылыми дереккөздерді саралау иірімжіптің қасиеттеріне технологиялық жабдықтардың реттеулері мен өткелдердің өзгеруіне байланысты талшық сапасы параметрлерінің өзгеруі сөзсіз әсер ететінін көрсетті, бірақ иірімжіптің қасиеттері мен олардың құрылымы мен қалыптасу жағдайлары арасындағы корреляция ғылыми тұрғыдан дәлелденбеген. Сонымен қатар, иірімжіп құрылымын сипаттаған кезде оның тарау машинасының технологиялық және кинематикалық параметрлеріне тәуелділігі ескерілмеген, ал кәсіпорындарда иірімжіптің сапасын жақсартуға бағытталған процесс параметрлерін таңдау әдістері әзірленбеген.

2. Ғылыми әдебиеттерді салыстырмалы талдау нәтижесінде өткелдер бойындағы талшықтардың өзгерістерін, жіптің пайда болу параметрлерін және оның қасиеттерін зерттеуді ескере отырып, жіптің сипаттамаларын басқару бойынша ұсыныстар әзірлеуден тұратын негізгі ғылыми проблема анықталды.

3. Иіру өндірісінде алынатын иірімжіптің физикалық және механикалық қасиеттеріне және оларды жақсарту үшін тарау процесінің үлкен әсер ететіні дәлелденді.

4. Кардты тарау машинасы қалпақшалырының қозғалысы жылдамдығының таспа мен иірімжіптің қасиеттеріне әсері экспериментальді зерттелді. Зерттеу барысында қалпақ қозғалысының жылдамдығы артқан сайын қысқа талшық құрамы (SFC) және біртегіссіздік (U%) азаятындығын және қалпақтың жылдамдығы 320 мм/мин болғанда, таспа мен иірім жіптің сапасы айтарлықтай жақсарғанын көрсетті. Зерттеу нәтижесі бойынша қалпақтың тиімді қозғалыс жылдамдығы ретінде 320 мм/мин ұсынылады.

5. Тарау машинасының қабылдау барабаны жылдамдығының иірімжіп қасиеттеріне әсері тәжірибе жүзінде зерттелді. Қабылдау барабанының жылдамдығы ұлғайған сайын, екінші таспалау өткелінде таспаның біртегіссіздігі азайды және сонымен қатар иірімжіптің біртегіссіздігі (U%), ақаулары (IP1), және түктілігі (H) азайды, ал иірімжіптің беріктік (сН/текс) көрсеткіші төмендеді.

6. Тарау машинасындағы «Негізгі барабан – қалпақшалар» аймағындағы жалпы тарау дәрежесі есептелді. Талшықтардың тарау аймағында болу уақыты мен тарау дәрежесінің деректерін талдау негізгі барабанның сызықтық жылдамдығын арттыру тарау машинасының С60 және ТС-03 маркалары үшін қалпақша гарнитураларында талшықтың орташа болуы уақытының қысқаруына әкелетінін көрсетті.

7. Иірімжіптің сапалық көрсеткіштеріне таралған өнімді шығару жылдамдығының әсері тәжірибе жүзінде зерттелді. Шығару жылдамдығы 180 мин⁻¹-тан 210 мин⁻¹-қа артқан сайын иірім жіптің біртегіссіздігі U% аз мәнде артты, ақаулар үздіксіз көбейді, беріктігі 16,8 сН/текс-тен 16,0 сН/текс-ке төмендеді, түктілігі аз деңгейде 4,2%-дан 4,8%-ға жоғарылады, иірімжіптің ұзаруы 5,42%-дан 5,25%-ға төмендеді. Нәтижесінде таралған өнімді шығару

жылдамдығын арттыру, алынатын иірімжіптің сапалық көрсеткіштерін төмендететіні анықталды.

8. Кардты тарау машинасының оңтайлы жылдамдық режимдері тәжірибе жүзінде анықталды. Кардты тарау машинасының жұмысшы органдары жылдамдықтарының оңтайлы параметрлері ретінде: қабылдау барабанының жылдамдығы 1260 мин^{-1} , негізгі барабан жылдамдығы 520 мин^{-1} , ал қалпақшалар жылдамдығы 320 мм/мин ұсынылды.

9. Тарау машинасының технологиялық параметрлерін теориялық зерттеу барысында кардты таспаның біртегіссіздігі ($U\%$) және тәжірибе нәтижелеріне негізделген иірімжіптің салыстырмалы беріктігі (R_{km}) параметрлерін көрсететін математикалық модель негізінде теңдеулер алынды. Алынған регрессиялық математикалық модельдер зерттелген процестің дұрыстығын жеткілікті дәлдікпен көрсетті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. <https://www.theworldcounts.com/challenges/consumption/clothing/world-cotton-production-statistics>
2. <https://www.statista.com/topics/1542/cotton/#editorsPicks>. Cotton - statistics & facts. Published by M.Shahbandeh, Nov 21, 2023.
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 846 қаулысы. «2023–2029 жылдарға арналған Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы»
4. Сайт Министерство промышленности и строительства Республики Казахстан, 26 апреля 2024
<https://www.gov.kz/memleket/entities/mps/press/news/details/759329?lang=ru>
5. <https://www.gov.kz/memleket/entities/ontustik/press/news/details/873674>
6. Overview of developments in yarn spinning technology / Lawrence C.A./ Advances in Yarn Spinning Technology, Woodhead Publishing Series in Textiles 2010, Pages 3-41 <https://doi.org/10.1533/9780857090218.1.3>
7. Юлдашев А.Т., Айтымбетов С.Р., Матисмаилов С.Л., Ражабов О. Сравнительный анализ влияния кинематических условий чесальной машины на засоренность чесальной ленты // Universum: Технические науки: электрон. научн. журн. 2019. № 12(69). URL: <http://7universum.com/ru/tech/archive/item/8570>
8. Odilkhonova N., Lastochkin P. Change in technological and qualitative indicators of card sliver from low-grade fiber and fibrous waste during the carding process on modern carding machines // Innovative technologica. Methodical research journal. Volume 2, Issue 12, Dec., 2021. Pp. 164-176
9. Zi SP, Cheng YX, Dang SJ, et al. Influence on yarn quality of the cotton web cleaner position in carding machine back cover guard. Cotton Textile Technology, 2005; 1: 13–16.
10. Zhidan Z., Pengzi S., Influences of carding machine backstationary flat gauge on neps and impurities. *Cotton Text.Technol*; 2: 1–5. 2007
11. Sheikh, H.R., Impact of carding segments on quality of card sliver. *Pakistan Textile Journal*, September 2009, [http:// www.ptj.com.pk/](http://www.ptj.com.pk/) Web-2009/09-09/ Practical-Hint.htm.
12. Simpson J., DeLuca L., Fiori L., Effect of carding rate and cylinder speed on fiber hooks and spinning performance for an irrigated acala cotton. *Text Res J*; 37(6):504–510. 1967
13. Simulation of carding condensing process/ Qian, Xixia; Shen, Yuanyinga; Cao, Qiaolia; Ruan, Junb; Yu, Chongwena /Textile Research Journal Volume 92, Issue 15-16, pp 2935 – 2944, 2022 [/https://doi.org/10.1177/0040517520988125](https://doi.org/10.1177/0040517520988125)
14. Withdrawal model for fiber motions in the tuft disentanglement / Qian, Xixi; Zhou, Yuyang; Ruan, Jun; Yu, Chongwen / Textile Research Journal Volume 94, Issue 9-10, pp. 1111-1125, 2024 <https://doi.org/10.1177/00405175231223758>

15. Analysis of the impact of heavy weight cotton carding process on properties of polyester viscose blended yarn / Sun, Zhenguo; Zhang, Dib; Ji, Yijunb; Cui, Yihuaib; Su, Xuzhonga / [Journal of Silk](#) Volume 58, Issue 12, pp. 13-16, 2021 <https://doi.org/10.3969/j.issn.1001-7003.2021.12.003>
16. Analysis of Changes in Fiber Density Distribution in a Cotton Combed Spinning System Using Modified Regulation of the Sliver Draft / Marek Idzik / *Autex Research Journal* Vol. 19, No 1, March 2019 / <https://doi.org/10.1515/aut-2018-0022>
17. Effect of Card Delivery Speed on Ring Yarn Quality / V.D. Chaudhari, Prafull P.Kolte, A.D.Chaudhari/ *International journal on textile engineering and processes* Vol. 3, Issue 4, October 2017
18. Evaluation of Cotton Fibre Properties in Compact Yarn Spinning Processes and Investigation of Fibre and Yarn Properties / Karakan Günaydin Gizem, Soydan Ali Serkan, Palamutçu Sema / *FIBRES & TEXTILES in Eastern Europe* 2018; 26, 3(129): 23-34. DOI: 10.5604/01.3001.0011.7299
19. М.А. Хаджинова, Влияние Повреждения Хлопковых Волокон на Качество текстильного Сырья // Издательство Академии Наук Узбекистана. Ташкент, 1963
20. <https://www.uster.com/products/cotton-classing/uster-hvi/>
21. Furter, R. USTER AFIS PRO Application Report: Application of single fiber testing systems for process in spinning mills, SE 610, November 2007
22. Arindam Basu. *Textile Testing Fibre, Yarn and Fabric*, The South India Textile Research Association, pp 2-132, 2001
23. T.V. Ratham, K.P Chellamani «Quality Control in Spinning», Third Revised Edition by SITRA . Coimbatore, INDIA, p. 145-147, 1999
24. Regressional Estimation of Ring Cotton Yarn Properties from HVI Fiber Properties / Mustafa E. Üreyen and Hüseyin Kadoglu / *Textile Research Journal* Volume 76, Issue 5 pp. 360-366, 2006 <https://doi.org/10.1177/0040517506062262>
25. Study on drafting force of roving : Part IV - Correlation between drafting force, roving strength and yarn quality / Das, A, Ishtiaque, S M, Kumar, Rajesh / *Indian Journal of Fibre & Textile Research (IJFTR)* IJFTR Vol.29, 2004
26. The Effect of Sliver Delivery Speed on the Unevenness of Carded and Combed Cotton Yarns / Ahmet ZEYBEK / *Türk Bilim ve Mühendislik Dergisi Turkish Journal of Science and Engineering* Volume: 4 Issue: 1, 21 - 28, 2022 <https://doi.org/10.55979/tjse.1116405>
27. I.A. Elhawary, Chapter 9 - fibre to yarn: staple-yarn spinning, in: R.B.T.-T.F. Sinclair (Ed.), *Woodhead Publishing Series in Textiles*, Woodhead Publishing, 2015, pp. 191–212, <https://doi.org/10.1016/B978-1-84569-931-4.00009-X>.
28. The Impact of Machine and Construction Settings on Sliver and Yarn Quality in Ring Spinning Process / Eren Oner / *Nevşehir Bilim ve Teknoloji Dergisi* (2019), 8/ 111-117 <https://doi.org/10.17100/nevbiltek.561051>
